



PREZIDENT

ОТАҢДАСТАРЫМЫЗ ЕЛГЕ ОРАЛДЫ

Елбасы Сыртқы істер министрі Бейбіт Атамқұловты қабылдады, деп хабарлайды Ақорданың баспасөз қызметі.
Кездесу барысында Мемлекет басшысына еліміздің сыртқы саясатын одан әрі экономикаландыра түсу жөніндегі жұмыс жоспары мен министрлік алдында тұрған міндеттердің орындалуы туралы мәлімет ұсынылды.

Нұрсұлтан Назарбаев еліміздің сыртқы саясатын экономикаландырудың және сыртқы саяси бағытымызды әрі қарай тиімді жүзеге асырудың маңыздылығына тоқталды.
– Күн тәртібіндегі халықаралық мәселелерді де ұмытпауымыз керек. Сыртқы істер министрлігінің міндеті – еліміздің сыртқы саясатын және бейбітшілік пен тату көршілік саясатын белсенді жүргізу. Бастаған ісіміздің бәрін одан



әрі жалғастыру қажет, – деді Қазақстан Президенті.

Бейбіт Атамқұлов Мемлекет басшысына инвестициялық жобаларды ілгерілету жұмыстарына жүргізілген талдау нәтижелері мен министрліктің орталық аппаратының қызметін қайта түзу мәселелері жөнінде мәлімдеді.
Кездесуде Мемлекет басшысы Қазақстан азаматтары Сириядан эвакуациялану жөніндегі гуманитарлық шараның аяқталуына байланысты мәлімдеме жасады.

– Биылғы 6 қаңтарда менің тапсырмам бойынша құқық қорғау органдары мен Сыртқы істер министрлігі жүргізген гуманитарлық шара нәтижесінде Сириядан 47 азаматымыз, соның ішінде 30 бала елімізге қайтарылды.

Олар дағдарыс жайлаған елге алданып барып, террористердің тұтқынында болды. Қазақстанға келген соң әйелдер мен балаларға мемлекет тарапынан барлық көмек көрсетілді. Осындай ауыр жағдайға ұшыраған бұл кінәсіз жандардың қуанышында шек жоқ. Олар бір ай бойы бейімдеу

орталығында болып, қажетті медициналық көмек алады. Атқарылған жұмыс мұндай келенсіз жағдайлардың алдын алуға септігін тигізеді, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы Қазақстан өз азаматтарына қай жерде жүргеніне қарамастан әрдайым қолдау көрсететінін атап өтті. Біздің негізгі міндетіміз – еліміздің қауіпсіздігін, халқымыздың береке-бірлігін мен тұтастығын қамтамасыз ету екендігін айтты. Қақтығыс аймағында еріксіз жүрген балаларды қайтару жөніндегі жұмыстар алда да жалғаса береді.

Кездесуде Сыртқы істер министрі Қазақстанның дипломатиялық миссияларын сыртқы саясатты экономикаландыру жөніндегі жаңа міндеттерге сәйкес жұмыстарға бейімдеу үшін қабылданған шаралар туралы баяндады, сондай-ақ ел экспортының бағыттарын қайта қарастыру үлесі жөнінде айтты.

Елбасы кездесу қорытындысы бойынша бірқатар нақты тапсырма берді.

Жастар жылы, қош келдің!

Жастар жылы басталды. Көкейдегі сауал: бұл жылдан не күтеміз? 4 миллионға жуық жас тұратын елімізде жыл табысты өтуі үшін не істеу керек? Белгілі, биыл қоғамға қозғау салатын кешенді жобалар көбірек бастау алады. Былтырғы жыл да жастар үшін табысты өткен еді. Айталық, талапкерлерге қосымша 20 мың гранттың бөлінуі – осы сөздің айғағы. Ал 2022 жылға дейін 75 мың адамға арналған жатақханалар салынбақ. Біздің облыста жастарды қолдау қай деңгейде? Ұйымдар биыл жоспарға қандай жоба енгізді? Жалпы, бүгінгі жастардың бейнесі, талғамы мен таңдауы қандай? Олар не ойлайды, нендей ұсыныстың ескерілгенін қалайды? Қошбасшы және шетелде білім алған жастармен бірге осы сауалдың жауабын іздедік.

Айдана ЖУМАДИНОВА.



Аймақта қарымды да, алымды жаңа толқын үшін мүмкіндік мол. Облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Қуаныш Жанұзақовтың айтуынша, бүгінде 60-тан астам әлеуметтік жоба жүзеге асуда. Тіпті Сырдарияның сол жағалауында жастарға қызмет көрсететін орталықтың бой түзеуі, NEEF санатындағы жұмыссыз, маргинал жастардың былтыр 9,5 проценттен 8,3-ке төмендеуі қолдаудың қарқынды, жұмыстың жүйелі екенін аңғартса керек. «Жұмыспен қамту-2020», «Бизнестің жол картасы-2020», «Қолжетімді баспана-2020», «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы арқылы тұрғын үй мен жұмыс мәселесін

қатар шешкен жастар жеткілікті. Мыңдаған жергілікті жастың шетелде білім жетілдіруі, әр салада кәсіби тұрғыда мықты кадр қалыптасуына ықпал еткен. Өткен жылы «Жастар ресурстық орталығы» мекемесінің «Free English club» жобасын іске асырып, «Zhas project» аясында 266 жобаның қайтарымсыз грантпен қаржыландырылуы өңір жастарына үлкен сенім артылғанын байқатты. Ал биыл облыста бұл саладағы істер үлкен серпіліспен жалғасын таппақ. Жоғарыда атап өткеніміздей, жастар мәселесі жөнінде олардың өзімен хабарласқан едік, пікірлері мен ұсыныстарын былай түйіндеді.

8-бет

SESSIA

САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ҚҰРАМЫ

Кеше өткен облыстық мәслихаттың кезектен тыс 26-сессиясына облыс әкімінің міндетін атқарушы Қуанышбек Ысқақов қатысты. Сессия төрағасы, депутат Шәкізата Әбдікәрімов күн тәртібінде облыстық сайлау комиссиясының жаңа құрамын сайлау комиссиясының жаңа құрамын сайлау туралы бір ғана мәселе қаралатынын мәлімдеді.

Ыдырыс ТӘЖІЛҰЛЫ.

QYS PEN QYZMET

ТАЗАЛЫҚҚА ТАРАЗЫ – ТЫНЫМСЫЗ ТІРЛІК САРАСЫ

Таңертең аялдамада тұрып, екі кісінің әңгімесін құлағым шалып қалды. Біріншісі: «Кеше қар қатты жауып жатқан сияқты еді, еріп кетіпті ғой», – десе, келесісі: «Тазалаған ғой. Әйтпесе, ол түнгі аязбен қатып, сол күйінде қалар еді» деп жатты. Орынды. Себебі, қаланың осылайша тап-тұйнақ тұруы – біз түнде тәтті ұйқыда жатқанда көз шырымын алмай, тырбанған тазалықшылардың еңбегі болатын. Күнделікті жұмысқа барар жолда да бұл жандар үстіне қызыл кеудешесін киіп, құралын сайлап, қызу тірлікке кіріседі. Араларында анамызбен қатар кісілер де бар. Көптен бері көзге көріне бермейтін осы еңбек иелерінің жұмысымен етене танысу көкейде жүрген. Жуырда «Қызылорда тазалығы» серіктестігіне барып, шаһардың шырайын келтіріп отырған мамандармен тілдестік.

Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ.

Ғалия Бисенованың қиындығы көп салада жүргеніне 10 жылға жуықтапты. Ол «Ерте тұрған әйелдің бір ісі артық» деген қағидадан ұстанады. Таңмен таласа келіп, түн қаранғысымен қайтқанды былай қойғанда, жұмыс кестесінде сенбі, жексенбі, мейрам деген жоқ. Бір сәт тыным таппайды.

– Қай саланың болмасын өзіндік талабы бар. Менің ойымша, мұндай дүниенің барлығын еңбекпен ғана енесууге болады. Ең бастысы, жұмыс істеуге қажеттің барлығы қолымызда. Мекеме басшылығы арнайы киім, құралдармен қамтып отыр. Жұмыс расында қиын. Мезгіл талғамайды.

Мұнан соң аталған мәселеге қатысты уақытша комиссия төрағасы Ібайдулла Тілеп хабарлама жасады. Ол 2018 жылдың 30 қарашасында ресми басылымдарда облыстық сайлау комиссиясының жаңа құрамын қалыптастыруға қатысты облыстық мәслихаттың хабарламасы жарияланғанын еске салып өтті. Онда Қызылорда облысының аумақтық сайлау комиссиясының құрамында 7 мүше болатынын, соған орай әрбір саяси партия 1 кандидатура ұсынуға құқылы екені хабарланған. Саяси партиялар, өзге қоғамдық бірлестіктер, олардың құрылымдық бөлімшелеріне өз кандидатураларын 2018 жылдың 20 желтоқсанына дейін ұсыну міндеттелді.

Осыдан кейін белгіленген мерзім аралығында бес саяси партия мен үш қоғамдық бірлестік өздерінің кандидатураларын ұсынды. Алайда 25 желтоқсанда «Сыр мейірімі» қоғамдық-әлеуметтік қоры өздерінің ұсынған кандидатурасын қараусыз кері қайтару туралы хат жолдаған. Мұнан кейін қалған жеті кандидатураға қатысты тиісті анықтамалар алынған.

І.Тілеп осы аталған мәселе уақытша комиссияның сессияға дейінгі отырысында жан-жақты талқылап, түбегейлі зерттеліп-зерделенгенін мәлімдеді. Ол жеті орынға жеті адам ұсынылып отырғандықтан оларды ашық дауыспен сайлау туралы ұсыныс енгізді. Ұсыныс

қабылданып, депутаттар кандидатурды ашық дауыспен сайлады.

Сонымен Қызылорда облыстық сайлау комиссиясы құрамына «Нұр Отан» партиясынан Әділбек Ерұлтанов, «Ауыл» Халықтық-демократиялық партиялық партиясынан Абайбек Жүнісов, Қазақстан коммунистік халық партиясынан Аягөз Сырлыбаева, Қазақстанның «Ақжол» демократиялық партиясынан Қожамжар Наурызбаев, «Бірлік» саяси партиясынан Бағдат Бердаулетов, «Қызылорда облысының Азаматтық Альянсы» Қауымдастығынан Мұрат Балабаев және «Мәртебелі Қазақстан» қоғамдық қорынан Әнуәрбек Дәрманбетов сайланды.



Қысты күні қар күреміз, жаздың аптап ыстығында, күрең күз бен көктемде де айналысар іс көп. Өзімізге бөлінген аумақтарда тазалық жұмысын жүргіземіз. Адамдар көбіне арнайы жәшіктерге баруға ерініп, белгіленбеген жерлерге темекінің тұқылын, суының қалдығын тастап кетіп жатады. Бірақ, бұл мәдениетке жат қылық. Мұны кейбірі түсінгісі келмейді, ал енді бірі ескертуден кейін қайталамайтынын айтып жатады, – деді Ғ.Бисенова.

Шынында, айтылған сөздің, кейіпкер келтірген мысалдың жаны бар. Есіңізде болса, бірнеше жыл бұрын шаһар шашылып жатқан қоқыстан арымайтын еді, көшелерде қысқы ашықтар де аз болатын. Ал, қазір жағдай мүлдем басқаша. Оның үстіне қала тазалығын ойлап, өздеріне тапсырылған істі тиянақты орындап жүрген жұмысшылардың еңбегі алғысқа лайық. Тек оны еш кетіру көңіл қынжытады. «Қоқысқа қарызың бар» деген түбіртекті қолына алса да, немқұрайлық танытатындардың азаймауы да таңалтпай қоймайды. Қолда бар мәліметке көз жүгіртсек, бүгінде тұрмыстық қатты қалдықтарды шығару

қызметінің қарыз көрсеткіші 8000 000 теңгені құраған.

– Тазалық мәселесі тұрғындардың барлығына қатысты. Бұл цифрлар қызылордалықтардың тазалық жөніндегі мәдениетін әлі де көтеру қажеттігін көрсетіп отыр. Мәселен, атана ойын баласын «Қоқысты төгіп кел!» деп жұмсайды. Ал, сол бала шынында қоқысты арнайы темір жәшікке апарды ма, жоқ па, әлде аулаға, көше бойына лақтырып кетті ме, қадағаламайды. Қалаға жанашыр, көше, ауланы көрейтуге талапшыл тұрғындар жоқ демеіміз. Өкінішке қарай ондай жандар көп емес. Қазір мекемеде Ғалия апә секілді 630-ға жуық қызметкер бар. Барлығы отбасының қамы үшін жүр. Біз осы кісілердің игілікке еткен еңбегі мен төккен тері тасада қалмаса, лайықты бағаланса дейміз. Айналымы анамыздай аялауға шақырамыз, – деді серіктестік директорының өндірістік істер жөніндегі орынбасары Нұрлан Өтепов.

Сондай-ақ, Нұрлан Кенесұлы бізді мекеменің техникалық мүмкіндіктерімен де таныстыруды жөн сана-

ды. Байқағанымыздай, мұнда қажетті техниканың барлығы бар. Арнайы тазарту көліктерімен, соның ішінде қыста қар тазалауға арналған шетқа тракторлар мен КамАЗ-дар, трейдерлермен жабдықталған. Қазіргі уақытта дейін қала көшелеріндегі жаяу жүргіншілер жолын мұздақтан тазалауға 150 жұмысшы жұмылдырылып, 2500 тоннадан астам арнайы қоспа себіліп, осы техникалардың көмегімен 1162 тонна қар шығарылған екен. Ал, қысқа тазалайтын көліктердің көпшілігі көрші Ресейден әкелінген. «ДМК-70» деген құрылғы уақытты да, жұмыс күшін де үнемдеуге көмектесетін көрінеді.

Міне, қала ажарын ашуға бағытталған жұмыстардың бірқатары осы. Мәселенің маңыздысы халықтың тұрмыстық мәдениетінде екенін қаперден шығармайық. Сіз де жауаптысыз. Тіршілік етіп жатқан жерді таза ұстап, абақтандыру – осы жауапты мекемелердің ғана емес, баршамыздың міндетіміз екенін және бір таразылап көрсеніз.

Суретті түсірген Н.НҰРЖАУБАЙ.

ӨТКЕН ЖЫЛДЫҢ ЖЕТІСТІГІ АЗ ЕМЕС

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыс әкімінің орынбасары Евгений Ким өзі жетекшілік ететін салалар бойынша 2018 жылғы атқарылған жұмыстар жөнінде БАҚ өкілдеріне айтты берді.

Бдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

Сөз басында облыс әкімінің орынбасары былтыр рейтинг қорытындысы бойынша Қызылорда бизнес жүргізуге ең қолайлы жағдайлар жасаған аймақ ретінде танылып, облыс әкімі Қырымбек Көшербаев Елбасы қолынан «Алтын сапа» сыйлығын алғанын атап өтті. Оның айтуынша, 2019 жылдың 1 қаңтарына өңірде тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 52 мыңға жетсе, оның ішінде нақты жұмыс жүргізіп жатқаны 42600 болып отыр. 2018 жылғы нақты жұмыс істеп жатқандардың қатарына жанадан 5135 ШОБ субъектісі қосылған.

«Бизнесің жол картасы-2020» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында өткен жылы 1 млрд 319,2 млн теңге қаржы бөлінді. Оның 820,2 млн теңгесі субсидия,

299 млн теңге кепілдендіру сомасы болса, гранттық қаржыландыруға бөлінгені 200 млн теңге. Ал шағын несиелендіру бағдарламасы аясында өткен жылы 1021 адам жалпы сомасы 3,2 млрд теңге көлемінде несиеге қол жеткізді. Жалпы өткен жылғы шағын несиелендіру көлемі 2017 жылмен салыстырғанда 2 есе ұлғайды.

Осыдан екі жыл бұрын іске қосылған «Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы» арқылы былтыр облыс кәсіпкерлеріне 6070 қызмет көрсетілген.

Брифинг барысында Индустрияландыру бағдарламасының екінші бесжылдығында облыста 25 жоба жүзеге асырылуы үстінде екені айтылды. Өткен жылы құрылыс индустриясы саласында екі кәсіпорын іске қосылды. Алғашқысы Жаңақорған ауданындағы қуаттылығы 75 мың тонналық әк зауыты болса, екіншісі Елбасы қатысуымен өткен Жалпыұлттық телекөпір барысында іске қосылған Шиелидегі цемент зауыты. Бұл қытайлық «Геджуба Шиели Групп Цемент» транслұттық компаниясымен бірлесіп жүзеге асырылған жоба. Қазіргі күні зауыт портландцемент жасауға қажетті негізгі құрам – клинкердің 12 мың тоннасын дайындады. Негізгі өнім наурыз айынан бастап шығарыла бастайды.



Жыл қорытындысымен өңірде өнеркәсібіне салынған инвестиция көлемі 2,9 есеге артты. Бұл республикадағы екінші көрсеткіш. «Баласауыскандық» кен орнында өндірілген ванадийді экспортқа шығару жалғасын табуда. 2018 жылы Ұлыбритания мен Ресейге 200 тоннадай метаванадат аммоний экспортталған. Жалпы 2018 жылы Индустрияландыру картасы жобалары бойынша экспортқа шығарылған өнім көлемі 2017 жылмен салыстырғанда 31,4 процентке өскен.

Е.Ким өткен жылы туризм саласын дамытудың 2018-2020 жылдарға арналған өңірлік іс-шаралар жоспары бекітілгенін хабарлады. Сондай-ақ Қызылорда облысында туризмді дамытудың концепциясы жасалған. Үш тілде «Қызылорда облысының туристік нысандары» туристік каталогы да шығарылды. Республикалық туристік картаға біздің облыстан «Қамбаш» демалыс аймағы, «Жанақорған» санаторий және «Байқоңыр» туристік кешені кіргізілген.

Бизнесіңге мемлекеттік-жекеменшік әріптестік облыс экономикасының барлық саласын қамтып отыр деуге болады. Қазіргі күні облыста бұл бағытта 84 жоба іске асырылуда. Бұл жобалар бойынша құрылыс жұмыстарына бөлінетін инвестиция көлемі 34 млрд теңгеден

асады. Ал 32 жоба бойынша келісім-шартқа қол қойылған. Облыс әкімінің орынбасары осы орайда «Қазақстанның бес әлеуметтік бастамасы» шеңберінде Ықсанов атындағы Қызылорда политехникалық колледжінде 200 орындық студенттер жатақханасы салу жоспарланғанын хабарлады. Сол секілді МЖӨ бойынша Қызылорда әуежайының терминалын салу қолға алынды. Бүгінгі таңда жобаның техника-экономикалық негіздемесі жасалып жатыр.

Ал соңғы жылдары өңірмізде басталған жобалық басқару екі бағытта даму үстінде. Орталық мемлекеттік органдармен байланыс жасауды жобалық басқаруды енгізудің өңірлік штабы жүргізіп келеді. Ал жергілікті деңгейде жобалық басқаруды облыстық кеңсе үйлестіреді.

2018 жыл басынан бастап облыста «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы және «Smart city» концепциясы аясында жалпы құны 4,8 млрд теңгелік 40 жобаны жүзеге асыру басталды. Өткен жыл қорытындысы бойынша оның 29-ы жүзеге асырылса, ал қалғандары биыл аяқталады. Жобалардың басым бөлігі білім және денсаулық сақтау салаларына тиесілі.

765 ОТБАСЫҒА КӨМЕК КӨРСЕТІЛДІ

Тұңғыш Президент күні, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мен Жаңа жыл мерекесі қарсаңында Қызылорда облысы әкімінің тапсырмасымен «Нұр Отан» партиясының облыстық филиалы қайырымдылық шаралар ұйымдастырды. Оның аясында 765 қызылордалық отбасына сыйлықтар, азық-түлік пен қаржылай көмек берілді.

«Қайырымдылық шараға облыстық басқармалар мен департаменттер, сондай-ақ, қала мен аудан әкімдіктері атсалысты. Жиналған қаражатқа жанажылдық сыйлықтар мен мерекелік шараларға шақыру билеттері, көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға азық-түлік сатып алынып, көмекке мұқтаж жанұяларға қаржылай көмек көрсетілді. Барлығы 765 отбасы қамтылды», – деді «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ибадулла Құттықов.

Айта кетейік, облыс әкімі, «Нұр Отан партиясы» облыстық филиалының төрағасы Қырымбек Көшербаев Саяси кеңес бюросының отырысында аймақтағы көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға көмек көрсетуді тапсырған болатын.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі.



СЫРТТАЙ ОҚУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ САРҚЫЛДЫ

Жаңа басталған жылдың тағы бір жаңалығы елімізде сырттай оқу жойылды. Бұрынғы Кеңес Одағында сырттай оқу арқылы кадр, өндірістегі жұмыс күші тапшылығы мәселесі шешім тапқан еді. Тіпті 1938 жылы оқудың курстық жүйесі мен тапсырылуы тиіс барлық сынақтар мен емтихандар, сырттай оқытқандарды жұмыс орнын және жалақысын сақтай отырып, сессияға жіберу туралы жарлық шыққан. Осылайша сырттай оқу біздің елдегі білім саласының ажырамас бөлігі болып келді.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.

Енді не өзгерді? Азаматтар екінші жоғары білім алу, орта арнаулы білімнен кейін оқу үшін не істейді? Мәселенің бір ұшы қаржыға барып тірелетіндіктен, сырттай оқудың ақысы күндізгіге қарағанда әжептәуір арзандығы да көп сауалдың туындауына себеп болуда. Мамандардың «сырттай оқушылар барлық оқу бағдарламасын толық игере алмай, тек 60 процентін ғана қабылдайды. Бірақ олар күндізгі оқуды бітіргендермен бірдей диплом алады» деген қорытынды шығаруы да жүйені реформалауға әкелді.

Бір нәрсе анық, ол – сырттай оқуды заманауи технологиялардың көмегімен модернизациялауды уақыттың өзі талап етті. Ақпараттық технологияның жемісі – қашықтықтан оқыту пайда болды. Оқудың бұл түрі АҚШ-та, Еуропа елдерінде бұрыннан бар. Өндірістен қол үзбей, сырттай білім алғысы келетін азаматтар бағдарламаны игеріп, диплом алады. Тапсырмаларды интернет арқылы алып, оны орындап,



өткізеді. Шетелдік тәжірибені зерттеген мамандар қашықтықтан білім алу жүйесінің оқу процесін анағұрлым жеңілдететінін алға тартып отыр. Бар болғаны сайтқа кіресің, тіркелесің, тест тапсырып, ондағы материалдармен жұмыс істейсің. Онда сайтқа кірген уақытың, қанша сағат сабақ қарағаның көрініп тұрады, соған сәйкес баға да қойылады.

Ескі жүйе бойынша студенттен әр семестр сайын белгілі бір кредиттерді игеру талап етілетін. Олай болмаған жағдайда оқудан шығарылуы мүмкін еді. Ал жана жүйеде студент семестріне 2-3 кредитті игеріп және тек демалыс

күндері оқуға, қалған уақытта жұмыс істеуге құқылы. Бұл бір жағынан арзанға түседі және студент университетті қай кезде аяқтайтынын өзі шешеді. АҚШ-та, Еуропа елдерінде «зейнет жасындағы адамдар ЖОО бітіріп, диплом алды» деген жаңалыққа бұрын тосырақ қараушы едік. Қашықтықтан оқып, тапсырылған пән ешқашан күйіп кетпейді. Ал білім алуды басы артық құжат жинамастан, оқуын әрі қарай жалғастыра бермек. Бұл бір жағынан оқуға қаражаты жетпей жүрген жандарға тиімді.

Сырттай оқудың білім емес, тек диплом беретіні қоғамда ұзақ талқыланып, тиімсіздігі

дәлелденді. Оның үстіне екінші-үшінші жоғары білім алу, оны сырттай оқып алу үрдіске айналды. Талапкерлер ақысын төлеп, құжатын тапсырып, әрі кетсе 2-3 жылда диплом алды. Бұл дипломдардың еңбек нарығындағы бәсі қаншалықты күнделі болғанын да байқадық.

Көптеген ЖОО-лар сырттай оқуды қаржы түсіретін құрал ретінде пайдаланып, дипломы көшірме құрылғанды шығарғандай тарату-ды әдетке айналдырды. Сессияға келген сырттай оқытын студент пәтерге, жолақы, басқа да шығындарды есептеп көреді де, жоғарыдағы қиындықтардан айналып өтудің, яғни сессияны жабудың «жолын» табады. Есесіне уақыты мен жүйкесін сақтап қалады. «Қасқыр да тоқ, қой да аман» болғанмен, білімнің биігін осындай тәсілдермен бағындырған студенттен болашақ қандай маман шығатыны белгілі. Турасын айтқанда, бұл жүйе кадр даярлаудағы барлық мүмкіндігін сарқып тауысты.

Негізі 2010 жылдан бастап сырттай оқу мамандықтары қысқара бастаған еді. Сырттай оқуға арналған білім гранттарының көлемі жылдан жылға қысқарып, өткен 2018 жылы мүлде бөлінбеді. Бір айта кетерлігі, бұрын сырттай оқуға түскен және қазір білім алып жатқан студенттер оқуын аяғына дейін жеткізеді. Ал сырттай оқуға түсуді енді жоспарлап жүрген азаматтар басқа балама тәсілге жүгінуі керек. Жаңа жылдан бастап енген жаңалық, яғни сырттай оқудың түбегейлі тоқтауы реформаның соңына жеткенін білдіреді.

Мамандар сырттай оқудың жойылуынан күрделі мәселе іздеудің қажетті жолының анықтанып отыр. Өйткені сырттай оқу мен қашықтықтан оқудың табиғаты бір, тек оқытушының студентке акпарат беру тәсілі өзгерді. Қазір әлемде онлайн оқу тәжірибесі кеңінен қолданылады. Оқимын деген адамға еш кедергі жоқ.

ОҚYS ОQIҒА

ӨРТТІҢ ШЫҒУ СЕБЕБІ АНЫҚТАЛУДА

Сәрсенбі күні Ақсуат ауылдық округіне қарасты «Наурыз» саяжайындағы жеке тұрғын үйде өрт оқиғасы орын алды. Тілсіз жау салдарынан үш бала ауыр дәрежелі уланудан көз жұмған. Оқиға оқиға туралы жауапты сала мамандары өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында мәлімдеді.

Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ.

– Сағат 19:29-да өртке қарсы қызмет пультіне «Наурыз» саяжайы учаскесіндегі Махмұтов көшесі бойында орналасқан жеке тұрғын үйден өрт шыққандығы туралы хабарлама түскен. Үй ішіндегі жиһаздан басталған қызыл жалын жалпы аумағы 15 шаршы метрді құрайтын төбе жабындысын шарпыған. Өрт орнына облыстық төтенше жағдайлар департаменті жеке құрамының 19 маманы мен 7 техникасы жұмылдырылды. Сағат 19:55-те өрт толығымен сөндіріліп, сыйымдылығы 50 литрлік бір газ баллоны шығарылды. Айта кету керек, құтқарушылар жеткенге дейін көршілер көмекке келіп, 2011, 2012 және 2014 жылы дүниеге келген үш баланы терезе арқылы алып шыққан.

Бірақ, екі бала сол жерде ес жимастан жан тапсырса, біреуі ауруханаға барар жолда көз жұмды. Көмекке келген екі адам да ауруханаға жеткізілді. Оның біреуінің жағдайы орташа, тиісті ем алып жатыр. Ал, екіншісі алғашқы медициналық көмектен соң үйіне қайтарылған, – деді облыстық төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары Асқар Төлешов.

Жиын барысында спикер өрттің шығу себебі анықталып жатқанын алға тартты. Оның айтуынша, арнайы сараптама қорытындысы 10 күннен кейін дайын болады. Қазір оқиғаға қатысты қылмыстық іс қозғалып, сотқа дейінгі тергеу жұмыстары жүргізілуде.



Дария деңгейі бақылауда

Құбылмалы ауа райына байланысты Сырдарияда судың көтерілуі қауіп байқалады. Дегенмен, дария бойын бақылауда ұстап отырған сала мамандары айтарлықтай қатер жоқ екенін жеткізді. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз конференциясында баяндалды.

Айдана ЖҰМАДИНОВА.

Облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасының басшысы Асылбек Шаменов мәлімдегендей, қазіргі уақытта «Шардара» су қоймасынан секундына 800 текше метр су босатылуда. Оның 400 текше метрі «Көксарай» су қоймасында, ал қалған бөлігі облыс аумағында қабылданып жатыр.

– Осы күні өңірдегі қорғаныс бөгеттерінің тұсы су басуы мүмкін 56 аймаққа бөлінген. Оларға жауапты ретінде барлығы 111 мекеме бекітілді. Су тасу қаупі туындағанда пайдаланылатын материалдық-техникалық қор дайын, – деді



басқарма басшысы. Бүгінде дарияның Арал ауданынан бастап Қызылорда қаласына дейінгі бөлігінде

мұз толық ұстапты. Синоптиктер алдағы уақытта өзен суы көтерілетінін айтады. Әсіресе, қала төңірегіндегі

Тасбөгет су бөгеті бойынша ауа райының тұрақсыздығына байланысты жиектік қабыршақ мұздың жүруі байқалып отыр.

«Сондықтан жайылымдық жерлерді шаю қаупі бар екендігін ескертеміз» деді «Қазгидромет» шаруашылық

жүргізу құқығындағы РМК облыс бойынша филиалының директоры Жұлдыз Қалымбетова.

Жуырда Сырдария өзенінің Қызылорда қаласы тұсындағы ескі бөгетті су жарып өткен еді. Брифингте сала жетекшісі сол жағалауға ешқандай қауіп жоқ екенін жеткізді.

– Жаңа қала бой көтере бастаған аймақта былтыр 10 шақырымға жуық қорғаныс бөгеті салынған болатын. Соның арқасында су арнасынан асатындай қауіп төнген жоқ, – деді А.Шаменов.

“SYR BOIY” GAZETINIŇ ARNAIY BETI

ALTYN

– Мақсат Бұрханұлы, өткен ғасырдың елуінші жылдары фольклоршы Мардан Байділдаев пен жазушы Ахат Жанәев аамыз атақты Нышан қобызшыға барып, «Мына қобызды Алматыдан әкеліп отырмыз. Бізге Қорқыттың күйлерін тартып бересіз бе?» – деп отінін жасапты. Өйткені ақсақалдың қобыз ұстамағанына көп уақыт өтсе керек. Сонда әлгі қобызды қолына ұстап аударыстырып отырып, сұқарағы жанарының аңғалағын алдына келген екеуіге қайай қалған Нышан:

– Бұл қобызды өзі орыс жасаған ба, неме-не? – депті.
– Жоқ, ойбай, о не дегеніңіз? – дейді Мардекен. О, тоба, шынымен әлгі қобызды шауып жасаған бір орыс шебері екен.
– Содан Нышан қобызды тарта бастайды. Әрі отырады ысып, бері отырады. Бір кезде Мардан шымдай кетіп:

– Бұл Қорқыттың күйі емес қой, – депті.
– Әй, не айтып отырсың, өзің?! Қорқытқа тусу үшін адымен Қорқытқа баратын жолға тусу керек! – деп Нышан ашу шақыра сөйледі.

«Қырсық шалдың алдынан қырсық шалып қайтпасақ жарар еді» деп мұнан әрі екі ағамыз үнемі тыңдап отыра беруге мәжбүр болады. Жас Нышан күйбастарын тартып отыр екен ғой. Оған әрі қобызшы аңыратын Қорқыт күйіне көшеді.

Сол айтқандай, Мақсат, мен де өзімнен әңгімелесу үшін осы бір оқиғаны сөзбастар құлып отырмын. Жалпы сұрамақ болғаным, қобыздың киесі болады деген сөз рас па? Жақсы ат, текті қыран секілді қобыз да егесін тани ма, қалай?

– Осы ойыңызды басқаша қырынан айтсам, «мен қобызшылықты таңдадым» деу қате, керісінше қобыз адамның таңдайды. Бұған өз әкемді мысалға келтірсем де болады. Әкем Бұрхан мектепте физика-математика пәнінің мұғалімі еді. Бала күнінде Нартай бригадасына еріп жүрген, өнерді бойына сіңіріп өскен. Студент кезінде Нышан қобызшыны да тыңдапты. Домбыра тартқан, мектептің, ауылдың мәдени шараларының тұрақты қатысушысы болған.

1970 жылы аудандық мәдениет үйінің әдіскері «Бізге бір қобыз тұр, ешкім еге болғысы келмейді, соны сіз тартып көрсеніңізі» депті әкеме. Бұрын мұндай аспапты қолына ұстамаған әкем сол қобызды түні бойы тартып үйреніп, екі күннен соң концертке шығып, күй орындапты. Бұл қобыздың адымын таңдағаны емей, не?

Сөйтіп, біздің үйдің барлық баласы қобыз үнімен өсті.
– Өзіңіз қай өңірдің тумасысыз?
– Туған жерім – Жаңақорған ауданының Түгісқан аулы. Мектептен соң әкем Әсем екеуміз арман қып Алматыға кеттік. Әкем өзі музыка оқуын оқымағасын біздің кәсіби маман болғанымызды қалады. Жалпы біздің отбасымыздың алты баласы да Құрманғазы атындағы Қазақтың ұлттық консерваториясын бітірген. Әсем әкем жақсы қобызшы еді, өнертану ғылымының кандидаты болды. Өмірден ерте озды. Қалғанымыз казір осы музыка саласында жүрміз. Үйдің кеңжесі Гүлжәмға А.Жұбанов атындағы музыка мектебінің оқытушысы. Пianos аспабының шебері, халықаралық конкурстардың лауреаты.

Мені 2006 жылы Түркістандағы Қазақ-түрік университетінде жүрген жерімінен белгілі жырғау, өнертанушы ғалым Алмас Алматы Қызылордаға, Қорқыт ата атындағы университетке адыртты. КМУ басшысы Қ.Бисенов жылы қабылдады, қызметтік пәтер бергізді. Бүгінде осы университеттің оқытушысымын.

– Сіздің қобыз адамын таңдайды деген сөзіңізге қайта оралғым келіп отыр. Себебі ашым айта аласыз ба?

– Бұл оқу-тоқу арқылы қобыз аспабының қасиетін танып, сырын ұғу өте қиын дегенді айтқаным. Мысалы, Мағжан жырлайтын Қойылбай қобызшы оқып па еді, аңызға айналған жерлесіміз Нышан Шаменұлы да қобызды оқып үйренбеген, менің әкем де... Сіз, өзіміздің қызылордалық Бақыт Кәрібаеваны білесіз бе, керемет қобызшы, ол да қасиби маман емес. Қалай жеткізсем екен, қобыз кез келген орындаушыға ішкі сырын аша бермейді. Менің қобызшы шәкірттерім көп, бірақ қобызға жырды қосып айтатын Марат Сүгірбай, Жарасқан Төлебай секілді талаттылар аз.

– Сіз жақында Маврикий республикасының астанасы Порт-Луисте болып қайттыңыз. Қорқыт ата мұралары ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұралары тізіміне енгізілді. Өзіңіз орындап жүрген Қорқыт күйлері әлемдік ұйымның назарын аударып жатқандықпен қандай әсерде болдыңыз?

– 26 қараша мен 2 желтоқсан аралығында Порт-Луисте өткен өзіңіз айтқан шараға 127 мемлекеттің өкілдері келді. Біз Қызылордалан облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Жа-

ҚЫЛ ІШЕКТЕ ҚҰБЫЛҒАН ТЫЛСЫМ ӘЛЕМ ҚОБЫЗШЫ Мақсат Мұхамеджановпен сырласу

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ.



нат Құрамысова екеуміз бардық. Түркия, Әзірбайжан, Қазақстан мемлекеттері қосылып, осы ұйымға Қорқыт мұраларын ұсынған еді. Маған да, басқаларға да өз елінің атынан алып келген шығарманы орындап шығу үшін 1 минут қана уақыт берілетіні ескертілді. Өйткені ЮНЕСКО тарапынан қазылық етіп отырған 20 кісі шығармаларды алдын ала тыңдаған. Сахнадағы мәселе – сол мәдени мұраны қорғап сөйлеу және тыңдарман құлағына жеткізу. Сонда әлгі қазылар сотта отырғандай «дүлік» еткізіп балға соғады, болды! Бұл қабылданды деген.

Кезек бізге келгенде Түркия мен Әзірбайжан жағынан екі кісі шығып сөйлеп, Қорқыт мұраларының мәні мен құндылығы жөнінде қысқаша пікір білдірді. Сонан соң Жанат Құрамысова сөз алып, Қызылордалан келгенімді, Қорқыт күйін орындайтынымызды айтты. Сол елдің мәдениет және өнер министріне Сыр елінің символикалық сипатын табыс етті.

Бойымдағы сезімнің қандайын қайдам, ойымдағы «қанша дайындық жасаған еліміз сенімді ақталмай қалса қайтем?» деген күлкі тамағыма келіп кетпегендей болды. Егер сол сәтте біреу бізден айт сөз, сөйлей алмасам анық еді. Бірақ қобыз сөйле берді. Қорқыттың «Қоңыр» күйін тарттым. Сол сәттегі сиқырлы үнінен қанша жұрттың сілтіледі тынып қалғанын сездім. Бір кезде балға «дүлік» етті, Қорқыт мұрасы әлемдік мұрағаттың асыл құндылығы болып қабылданды! Қанша жұрт орынан тұрып, дуылдап қол ұрды. Дәл бір өздері күтіп отырған жеңіс сәтін соққандай қуанды.

– Әлгі айтқан күдігіңізге не нәрсе себеп болды?

– Осы сессияға қатысып, шығармаларын қорғап сөйлеп, орындап, қабылдамай кеткен қанша мемлекет өкілдерін көрдік.

– Отырмай, ә, біздікі қандай абырой болан! Енді Маврикийден алған әсеріңізге келейікі. Бұл өзі қандай әсер, қандай ел?

– Бұл Үнді мұхитының ішінде тұрған ұзындығы 60, ені 50 шақырым арал екен. Ауасы дымқыл, суы жеңіл, мөп-мөлдір болып түбі көрінеді.

Осы аралды 10-шы ғасырда арабтар ашқан екен. Елдің өндірісі жоқ, аздап сапасы жоғары шай шығарады. Жалпы байлардың демалыс орны секілді. Естүімше, ЮНЕСКО сессиясының осы жерде өтуі де әр елден келген жұрт бір тынығып қалсын деген ниеттен туысты.

– Бір барған адам барғысы келіп тұратын шығар.

– Мен ондай әсерде болған жоқпын. Құдықтың ішіне тастап жібергендей күлде жүрдім. Ол жердің жұрты бізді жақсы қабылдады, бірақ біз олардың көңілін қабылдай алмадық. Кендік, дархандық жоқ. Халқының жүзден он бөлігі мұсылман екен, негізінен үндістер көп. Сәт сайын алдынан үнді сериалдарындағы домаланған әйелдер шыға келеді. Мүмкін олар емес шығар, бірақ солар ма деп қаласын.

Астанаға ұшып жеткен соң алдыман кездескен кез келген қазақты құшақтап сүйгім келді.

Жер бетіндегі жұмақ өз отанын екен ғой деп шүкір еттім.

– Мақсат, отаның, ұлтың, өнерің қастерлейтін ұрпақ тәрбиелей бер, ұзақ, ұжымдық ғұмыр шесі бол. Мұны барша жұрт тілегі деп қабыл ал.

Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында «Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы» жобасы аясында қазақтың қобызды, домбыра, сыбызғы, сазсырнай және басқа да дәстүрлі музыкалық аспаптарымен орындауға арналған маңызды туындылар топтамасын – «Ұлы даланың көне сарындары» жинағын басып шығару қажет деп көрсетілген болатын. Домбыраның қоңыр үнін сырт елде насихаттап жүрген талантты күйші Ержан Арқабаев Елбасының бұл бастамасын күллі ел қолдау керектігін айтады. Ол Түркия президенті Тайып Ердоғанның алдында өнер көрсетіп ерекше ілттипатына ие болған.



Сара АДАЙБАЕВА.

ТҮРКИЯ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ІЛТИПАТЫ

Ержан 1988 жылы туған. Ол жасынан бастап домбыра үйірмесіне жазылды. 2003 жылы Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық колледжіне түсіп, білімін жетілдірді. Оған әрі Астана қаласындағы Қазақ Ұлттық өнер университетін үздік аяқтады. Алғашқы жұмысын облыстық филармония жанынан құрылған «Ақмешіт» фольклорлық ансамбліне бастады. Сонымен қатар өзі тәлім алған музыкалық колледжде қызмет атқарды.

Домбырашы жігіт 2013-2014 жылдары облыстық филармонияның атынан ТҮРКСОЙ ұйымының ұйымдастыруымен өткен Түркиядағы Наурыз фестиваліне қатысып, «Ақмешіт» фольклорлық ансамблі құрамында өнер көрсетеді. Бірнеше белгілі қалаларында болып, қазақ өнерін, музыкасын түркі халқына паш етті. Бауырлас ұлттың жанынан құрылған «Ақмешіт» фольклорлық ансамбліне бастады. Сонымен қатар өзі тәлім алған музыкалық колледжде қызмет атқарды.

Домбырашы жігіт 2013-2014 жылдары облыстық филармонияның атынан ТҮРКСОЙ ұйымының ұйымдастыруымен өткен Түркиядағы Наурыз фестиваліне қатысып, «Ақмешіт» фольклорлық ансамблі құрамында өнер көрсетеді. Бірнеше белгілі қалаларында болып, қазақ өнерін, музыкасын түркі халқына паш етті. Бауырлас ұлттың жанынан құрылған «Ақмешіт» фольклорлық ансамбліне бастады. Сонымен қатар өзі тәлім алған музыкалық колледжде қызмет атқарды.

Жас күйшінің арманы – қазақ күйлерін еуропалық стильде қайта жандандыру. Бұл мақсатына түрік елінде жол ашылғандай болды. Университет қабырғасында түрлі шараларға қатысып, жергілікті халықтың назарын қазақтың кара домбырасына аударды. Жоғары деңгейдегі

концерттерде өнер көрсетіп, көпшіліктің ерекше ықыласына бөленді.


Екі айда 40 қаланы аралап, өнер көрсеткен кездері болыпты. Осы концерттердің бірінде Түркия президенті Тайып Ердоғанның өзі қатысып, Ержанның өнеріне ерекше ілттипат білдіреді. Сонымен бірге өткен жылы ЭКСПО-ның жабылуына байланысты Түркия павильонына арнайы шақыртумен келіп, Тайып Ердоғанның алдында тағы бір мәрте өнер көрсетудің сәті түскен еді.

Кейіпкер әңгіме барысында шығармашылығындағы жаңалықтарын да айтып өтті. Түркияда көрсетілмеген енген «Есімсіздер», «Дирениш Қаратай» фильмдеріне саундтрек жазған. Қоңға каласындағы «Orhun Kultur-Sanat-Müzik-Film-Prodüksiyon» продюсерлік орталығымен бірлесіп, «Домбыра – түрік рухы» деген атпен қазақ тарихи күйлерінің digital альбомын шығарды. Енді қазақ күйлерін танту, дәріптеу, насихаттау мақсатында альбом CD форматын жасау ойында бар. Ержан сонымен қатар түркітілдес елдерден оқуға келген өнерпаз студенттерді жинап, «Отан» ұлт аспаптар ансамблі құрды. Жақында Анкара қаласында домбыра курсы ашып, алғашқы дәрсінен де өткізіп үлгерді. Дарынды өнерпаздың Түркі әлемінің музыкалық аспаптары арқылы орындаған «Адай» күйіне түсірген бейнебаяны жуық арада жарыққа шықты.

КЕЙІНГІЛЕР КИІЗ ҮЙДІ БІЛЕ МЕ ЕКЕН?..

Көп адамның басы қосылған бір жылында қазақтың киіз үйінің кереметі жайлы сөз қозғалды. Осы тұста көпшілік қауым дуылдасып, бірінші сөзін бірі іліп алып, атадан балаға мұра боп жеткен кара шаңырақтың қадір-қасиетін сүйсіне әңгімелеп жатты. Бірақ, шеткерілеу тұрған бір топ жастардың бұл әңгімеге онша қызығушылығы байқалмады. Содан оларды сөзге тартып көрсем, «киіз үй жайлы естігеніміз бол-маса, көргеніміз жоқ» дейді. Иә, бұған таң қалуға жөнсіз жоқ. Себебі, қалада туып-өскен бала қараша үйді қайдан білсін...

Ғазиза ӘБІЛДА.



Десең те, жеделден келе жатқан ерекше құндылығы жайлы бүгінгі ұрпақтың біле жүргені дұрыс болар деп көрген-білгенімді, көкірекке түйгенімді бөлісуіңіз керек.

Біздің бала күнімізде әрбір үйдің алдында қараша үй (бізде осындай аталады) тігіліп тұратын. Алты қанат, сегіз қанат, он екі қанат үйлердің ішкі жасауы мен сән-салтанаты өзіне бөлек. Айталық, алты қанат киіз үйді тігу және жинау оңайырақ. Бір замандағы көшпенді қазақ қойына осы алты қанат үйді пайдаланған. Ал сегіз қанат, он екі қанат үйдері сылы қонақтарды, сәл-серілерді күтетін салтанатты орда болған сынды. Қазаққа: «Балаң би болсын, би болмаса, би түсетін үй болсын!» деген тамаша тілек бар. Сол секілді, ақ киізбен қапталған керекесі кен, еңселі үйлер би түсетін үй болған. Мұны елдің ежелгі тарихынан, одан бөлек, көркем әдебиеттерден оқып, көңілге түйгенбіз.

Ұлттық құндылығымыз – киіз үйдің ең басты бөлігі – шаңырақ. Дәнесе пішінді дөңгелек шаңырақтың ортасы бір-біріне айкаса иілген төрт тарау ағашпен ұстатып тұр. Халқымыздың қайсыбір көнеқоз бұйымын аласың да, астарында өзіндік бір философиялық ой жатпайды. Сондықтан осынау шаңырақтың да сыр – сипатын тереңірек тарқатып көрейік.

Айталық, шаңырақтың дөңгелек болуының басты себебі, күннің түсуі, желдің соғуы біркелкі әсер етеді. Ал екінші себебі адамзат тіршілігіне тікелей әсері бар Жер, Ай, Күн планеталарының көрінісі болса керек. Сол сияқты шаңырақтың төбесіндегі айкастыра ұстасқан ағаштар төрт бұрышты кескін жасап, дүниені төрт бұрышын көзбен шолып отырғандай тылсым ойға жетелейді. Ал шаңырақ пен керегені жалғап тұрған ұястар күннің шұғыл-ласын көз алдына келтірсе, керілген кереге кеңістікті білдіреді.

Кереге мен ұястар ұяқбау, кермебау, басқұр және басқа да бау-шулармен бекітіледі. Ал үйдің босағасы берік болуы үшін айналдыра белбаумен тарта орап, бекітіледі. Сонымен бірге, үйдің

сыртқы қабырғасына туырлық, үстіне үзік, төбесіне түндік жабылады. Ағаштан оюлап жасалған «сықырлауық» деп аталатын жарма есік орнатылып, оның сыртынан ораулы шиден тоқылған киіз есік түсіріледі. Бұдан соң керегенің сыртынан киіз жабуды бастыра, айналдыра қолдан тоқылған шимен қапталады. Шидің өзі түрлі-түсті шуда жіптермен кестеленіп, өзгеше бір өрнекпен тоқылды. Шимен қаптауының себебі, жаздың арасынан жел соғып, үйдің ішкі ауасын реттеп тұрса, ал жаңбырлы, қарлы күндері іші ылғалды бойына ұстамай, күн көзінен немесе желмен кеуіп тұрады. Сондай-ақ, үйдің ішкі әсемдігі үшін көздің жауын алар қызылды – жасылды желбаулар ілінді. Жерге текеметтер төселіп, қабырғасына сырқам, түскізілдер ілінді.

Бұрынғы көшпенді заманда киіз үйдің ортасына жерошақ орналасқан. Ойлап қарасақ, үйдің ең биік жері ортасы, яғни шаңырақтың тұсы, сондықтан от жаққанда түтіннің түзу шығуы үшін ең ыңғайлысы да осы, сондай-ақ, оттың жылуы да жан-жағына біркелкі таралады.

Осынау шап-шағын үйдің, бүгінгіше айтқанда, бір бөлменің өзінен талдай тағылымды тәлім-тәрбиенің тіні бастау алған. Мысалы, үйдің табалдырығы мен төрінің арасында қаншама қадір-қасиет бар?! Көнеқоз қариялардан естүмізше, сол заманда келіндер үйдің төрін аяғымен баспайды екен. Үйді тазалаған уақытында қайын сінділеріне өтініш айттып, төрті жағын сыйлыртып алатын дегенді естітіңбіз. Оған таңқалмаймыз, өйткені өзіміз де бала күнімізде осындай тәрбиені көріп өстік.

Ауылда тұратын ағайындар арасында жасы да жолы да үлкен әжеміз болды. Сол кісі біздің үйге кірген бетте ата-әжемнің көзі кетсе де, шаңыраққа сәлем беретін. Сосын қанша қыстаса да "қайнағанын шаңырағы" деп төрге озбайтын. Мұны айтып отырған себебіміз, бүгінде еңселі үйлерде емін-өтерін өмір сүріп жатқанмызбен, әлгідей сыйластықтың ізі байқала бермейтіндігі. Осыдан соң, аядай үйде ғұмыр кешіп-ақ, асыл қасиетімізді атадан балаға жеткізген ұлттымыздың ұлылығына қалайша таңқалмайсың?!

TILSHI – ELDEN

ЖАҢАҚҰРЫЛЫСТА НЕ ЖАҢАЛЫҚ?

Сырдарияның теңізге құярлығында осындай бір момын ауыл бар. 150 түгіннен асар-аспас, мыңға жетпейтін халық қоныс тепкен. Жай жатпағаны белгілі, тірлігін тиянақтап, өзінше қаракет етуде. Бұл ауыл 1974 жылы өз алдына кеңшар болып құрылғанша Карл Маркс совхозының (қазіргі Бекарыстан би) бөлімшесі болған. Ол кездегі Карл Маркс Қазалыдағы маңдайалды шаруашылық, күріш егумен айналысқан айтулы ел.

Жаңақұрылыстың табиғаты бай, бір жағы ну тоғайлы қамыс көлдері, екінші жағы жазықты, көктем шыға алуан түске боялып, мал-жанға өрісі мол жайлауға айналады. Ауылдың іргесіндегі Ақбасты көлінің өзі тұтастай халықты асыраған. Тұнық суда қазан, сазан, ақбалық, шабақ, тістілерімен бірге ондатор өріп жүрсе, көл қамысын қалың қабан жайлайды. Қырғауылы мен қояны өріп жүр. Шабындығы мол «Алтынтапан», «Жайыңды» көлі, «Сарыайғыр» мен «Қосұйтам» алқаптары, Ушайды, Науша, Қызақтеке, Төбеқайыр мал өрісіне қолайлы жер. Қала тіршілігінен тым алыс жатқан жаңақұрылыстықтардың басты кәсібі де осы төрт түлікпен байланысты.

© Ержан ҚОЖАСОВ.

Ауылдың дәмі – дәрі, ауасы – ем

Жаңақұрылыста «жұлдызым көкте, бақытым елде, несібем жерде» дейтін жұрт тұрады. 1974 жылы ауыл ірі қара бағытындағы шаруашылық болып қайта құрылған соң, онсыз да атакөсіпті игеріп отырған шаруа ел түлеп сала берді. Бүгінде тұрғындардың жеке қожалығында 1700-дей мүйізді ірі қара, 2300 бас уақ мал, жылқы мен түйесі 600-ге жуықтаған. Ал шаруа қожалықтары есебінде мың бастай мүйізді ірі қара мен жылқы бар. Ауылдық округ бойынша түрлі шаруашылық жұмыстарында 14 жеке кәсіпкер, 9 шаруа қожалығы, 1 селолық тұтыну кооперативі жұмыстарын жасауда. Тәуелсіздіктің 27 жылында Жаңақұрылыс халқының әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы әлсізденіп отырған ауылдың өскені байқалады. Халыққа қызмет жасайтын орта мектеп, 50 орындық «Балбөбек» балабақшасы, дәрігерлік пункт, 12 мыңға жуық кітап қоры бар кітапхана, клуб, күнделікті ауыз сумен қамтамасыз етіп, әрбір үйге таза су тартқан Арал-Сарыулақ су мекемесінің жұмысынан бөлек, басқа да жайлы істері жетерлік. Жаксы іс демекші, кешегі жаңа жыл қарсаңында жаңа фельдшерлік-акушерлік бекет ашылды. Аудан әкімі Мұхтар Оразбаевтың өзі келіп, тұрғындардың қуанышымен ортақтасты. Бекетте әйелдерді қарау, екпе, науқастарды қабылдау, дәрі егу, ДОТС және тіркеу бөлмелері қарастырылған. Ол фельдшер, 1 акушерка және 2 мейірбике ауыл тұрғындарына жаңа ғимаратта қызмет көрсетуді бастап кетті. Ауыл ақсақалдары Елбасы саясатының нәтижесінде осындай жаңа ғимараттардың бой көтергеніне ризашылықтарын білдіріп жатты. Атақоныстың бұдан да өзге табыстары қандай?

«Кәмерсант» емес, кәсіпкер көп

Ілгеріде ауылда кәсіпкер деген ұғым болмады. Шыны керек, саудамен айналысқан жоқ емес, нарық заманында Түркістаннан ким-кешек, Қазалыдан азық-түлігін тасып, ауылға қерегін қамтамасыз етіп, айлық пен зейнетақыда жинап алатын жеке адамдар болмады емес, болды. Айналып келгенде, жергілікті халық оларды кәсіпкер деп емес, саудагер не «кәмерсант» деп айта салатын. Ал бүгінде кәсіп ашып, оның көкжиегін кеңейтіп отырған ауыл азаматтары баршылық. Шағын және орта бизнесті дамытуды үкіметтен пайызы төмен несие алып тіршілік еткендерден бөлек, қолда бар дүниесін жаратып, жұмысын жандандырып жүргендер көп. Аманкелді Есімов, Үреуді Жанжұмаева, Асылбек Турганбаев, Кішкен Молдәдосов сынды аға буыннан бөлек, жастар да жетеді.

тынына сенім де мол.

Сонымен бірге несие алуға ниет білдірген азаматтардың қаржыға қол жеткізуіне ауылдық әкімдік тарапынан кеңестер ұдайы беріледі. Бір ғана мысал, облыстық өндіріс-инвестициялық орталық арқылы Ербол Жаңабаев мүйізді ірі қара малын өсіруге – 4 млн, Досбол Әбдіғаниев жылқы малын өсіруге 2,6 млн теңге алған. «Бизнес-Бастау» бағдарламасы арқылы оқып, өз жобасын қорғаған Нұржан Қуанышев жылқы малын өсіруге 2 млн теңге алса, Жарылқаған Мұратов 5 млн теңге қаржы алып, кәсіптерінің дөңгелентуге кірісті.

Кәсіпкерлердің ішінде жасы «Қожағұл ата» шаруа қожалығының төрағасы Елнұр Елшекенов. Ол «Ықылас» шаруа қожалығынан қазақтың ақбас сиыры тұқымынан 21 бас қашар және Батыс Қазақстан облысынан 1 бас бұқа алып, асылтұқымды мал шаруашылығын құрып, жұмыс жасауда. Елнұр сонымен бірге мүйізді ірі қара малын бордақылау мақсатында 60 басқа арналған бордақылау алаңын да салған.

«Бизнес-Бастау» бағдарламасы арқылы 3 азамат кәсіпкерлік негіздерін оқыту курсынан өткен, сертификаттарын алып, несие алуға құжаттарын дайындап, «Бизнес-Кеңесші» бағдарламасы арқылы 2 азамат кәсіпкерлік негізінде сертификат алып, өз кәсібін ашқан. «Сыбаға» бағдарламасы арқылы 3 шаруа қожалығы және 2 кәсіпкер мал басын асылдандыру жұмыстарын нәтижелі жүргізіп, мемлекет тарапынан берілген субсидияларды алуға қол жеткізген.

тынына сенім де мол.

Жаңақұрылыстың жолы жаңара ма?

Көлік түгелі өзіннің өзегін талатын ескі жолмен ауданға қарай шапқылап, тіршілігін бітіретін Жаңақұрылыс жұртына бұл тақырып жырланғалы 30 жылдан асты. Байқасақ, осы жыл ішінде талай көлік пен адамның сау сүйегін сықырлатқан жабайы жолдан құтылар мезет те жақындапты.

Өткен жылда Арал ауданында жол жөндеу жұмыстары қарқын алды. Шалғайдағы Тоқабай, Қарақұм, Қызылжар мен Райымға қарай жол салынып, Арал қаласының ішінара өз көшелеріне ас-фальт төселіп жатты. Солардың ішінде Жаңақұрылыс пен көршілес Қазалы ауданына қарасты Бекарыстан би елді мекені аралығындағы 33 шақырым жолдың 23 шақырымын орташа жөндеуге республикалық бюджеттен 282 млн 372 мың теңге бөлінді. Осынау қаржыға бүгінде жол құрылысының жұмысы басталып, техникалар желісі тартылған. Бүйірса, тазу әрі тактайдай жолмен қалаға тартып кететін күн де алыс емес.

Жаңақұрылыстың жолы жаңара ма?

өз үлесін қосып, қиын кезеңнен бөлеген білетінбіз. Жаңа қоныс құт-берекесін ала келіп, солдан бері аудан бойынша ҰБТ-да алдыңғы қатарға шығып, жылма-жыл үміт күтіп, доғаға қосқан оқушылары білім жетістігін қуанышпен келеді. Бытырғы оқу жылында да бітірушілер ҰБТ-дан жоғары көрсеткішпен алағ шықса, озат оқушы Әсет Оразбаев «Алтын белгі» негері атанған болатын. Осыдан 3 жыл бұрын тіпті осы мектепте химия-биология пәнінің мұғалімі Темірбек Сүйеубаевтың ауданаралық ұстаздар арасында биология пәнінен өткен олимпиадада бас жүлдені ұтып алып, жеңіл көлік иесі атанғанын ешкім ұмыта қойған жоқ. Еркін Нұржанов, Галым Шалбаев, Акіліг Байбосынова, Гүлсарә Әйтмишова, Жұмағұл Исаева сынды мерейлі мұғалімдер ізін басқан



енесі білім ұясы елді қуанышка бөлеген білетінбіз. Жаңа қоныс құт-берекесін ала келіп, солдан бері аудан бойынша ҰБТ-да алдыңғы қатарға шығып, жылма-жыл үміт күтіп, доғаға қосқан оқушылары білім жетістігін қуанышпен келеді. Бытырғы оқу жылында да бітірушілер ҰБТ-дан жоғары көрсеткішпен алағ шықса, озат оқушы Әсет Оразбаев «Алтын белгі» негері атанған болатын. Осыдан 3 жыл бұрын тіпті осы мектепте химия-биология пәнінің мұғалімі Темірбек Сүйеубаевтың ауданаралық ұстаздар арасында биология пәнінен өткен олимпиадада бас жүлдені ұтып алып, жеңіл көлік иесі атанғанын ешкім ұмыта қойған жоқ. Еркін Нұржанов, Галым Шалбаев, Акіліг Байбосынова, Гүлсарә Әйтмишова, Жұмағұл Исаева сынды мерейлі мұғалімдер ізін басқан

Ажарсыз клубтан, аяқ судың азабынан да құтыламыз

Өткен жылы Жаңақұрылыс жеріндегі «Қараарық» және «Нұрайы» жарма каналдарына облыс, аудан әкімдігінің қолдауымен жер актіс пен техникалық құжаттары жасалып, облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды

Мейіржан Базарбаев, Өріп және Жаная Елшекеновтер, Райымбек Ақмырзаев сынды жас мамандар түрлі іс-шарада топ жарып жүр. Бұдан өзге білім ордасының тау-сылмас жетістігі айта берсең көп-ақ.

Алтын үя

Келешекте елдің тұтқасы – сапалы білім, саналы тәрбие алған кейінгі буында екені айдап анық. Туған елден түлеп ұшар қарлығаштарын дайындауда елдегі №74 орта мектеп ұстаздары оқ бойы озып тұр. Айтпақшы, ауыл халқы мен 200-дей оқушы көптен күткен еселі оқу ордасына 2015 жылы кірген болатын. Екіқабатты, заманауи оқу құралдарымен жабдықталған,

реттеу департаменті жанындағы Табиғат коммуналдық мекемесінің теңгеріміне өткізілді. Жаңақұрылыс халқының ең өзекті мәселесі де осы, тыныс-тіршілігі «Қараарық» каналына байланысты болып тұр. Егін егіп, тары салатын мұндағы жұртқа канал арнасы қайта жөнделсе, жаңақұрылыстықтарға диканшылық жат тірлік емес.

– Тарихты қашанда адамдар жасайды. Тарихтың тірек тұтар тұрғысында, иесі де адам, сондықтан да сол қиын кезеңде елдің жұмысы алға басуына тер төккен,

Екінші күрделі мәселе – ауылдық клуб. Клуб қызметкерлері бұрын 1 адаммен шектелсе, бүгінде 4 штатқа көбейіп, ауыл жастарымен бірлесіп жұмыс жасап келеді. Бір қызығы, белсенді және талантты жастардың басын қосар мәдени ошақтың жағдайы онша емес. Өсіресе, қыста өтетін түрлі шараларда клубтың ішкі температурасы сырттағы суықты жолда қалдыратындай. Қыста көп жағдайда жабық тұрады. 30 жылдан бері тиіп-қашып жөндеу жүргізілген бұл мекемеге ешкімнің де өкпесі жоқ шығар. Қосымша айтар мына бір қисынсыз көрініс тағы бар. Ауылдың қақ ортасындағы «Тағзым» ескерткіші (Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің ескерткіші) қойылған саябақтың сырты қоршауға алынып, тал-шымбыр қайта отырғызылса деген жақсы бастама бар. Әйтпесе, көрінісін ешкі-лағы жайылымға айналдырған саябақтың жылдан-жылға сиқы қашуда. Тілшілік тіршілікпен жүріп, осы қисынсыздықты жазбаға тізгінді тарта алмадық. Өлі де болса ажарсыз клубтан да, аяқ судың азабынан да құтыламыз деген үміт жоқ емес.

Әкім не дейді?

Жергілікті жердің тумасы, осы жердің ой-шұңқырына дейін білетін Биғали Әбдраймов Жаңақұрылыстың әкімі. Өз ауылына шып жаны аниет азамат екені сөзінен де, ісінен де көрініп тұр.

Биғали басқарып отырған ауылдық округтен көп игі жұмыстардың ізін анық байқайды. Соңғы 3-4 жылдың өзінде жақсы бастамалар өз жолын тапқан. Елдің аудан орталығынан алыста жатқаны ескеріліп, ауылдық амбулаторияға ауыр науқастарды тасымауда қолға алынды. Ауылды жарықтандыруға ықпал жасап, 2,1 шақырымға жарық шамдары орнатылды. Бұл қысты күндері мектепке баратын оқушылар үшін жақсы болды, оқушылардың қуанышында шек жоқ. Жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру ауылдық ардагерлер кеңесі, қоғамдық кеңес мүшелерінің ұйғарымымен ойласа отырып, жүзеге асырылуы болды.

– Елбасы ауылдық жерлерде кәсіпкерлікті дамыту, оның ішінде шаруа қожалықтарын кенінен ашуға жұмыс жасауды міндеттеді. Бұл ретте облыс басшылығының жарқын бастамаларын жақсы білесіздер. Міне, осы бағытта «Қараарық» каналының бойынан бірнеше шаруа қожалықтарын ашу және егіс алқаптарын кеңейтіп, шабындық жерлерді ұлғайтып, «Соркөл», «Төбекен» көлдеріне су жіберіп, тұрақты түрде балық өсіруді әрі қарай жалғастырсақ деген ойландым. Құс фермасын ашып жергілікті халықты кәсіп түрлерімен айналыстырып, кәсіпкерлікті ұлғайтсақ деген мақсат та жоқ емес. Ауыл халқына ұялы байланыс құрып беру де күн тәртібінде тұр, – дейді ауыл әкімі.

Бытыр ауыл боп жылып, Алданның үйі – мешіт қабарғасын асарлатып тұрғызулы бастап кетті. Өз хал-қаракетінше ақшалай да, малдай да үлес қосқан тұрғындардан бөлек, Жаңақұрылыстан шығып, сыртта түрлі кызметте жүрген азаматтар да абыройлы асардан тыс қалмады. Тұтастай қабырғасы тіктеліп, күн жылына күмбезін көтереміз деп отырған иманды елдің игі іске бірліктің арқасында барып отырғаны айдап анық. Сонымен бірге ауыл мектебінен түлеп ұшқан жастар легі туған жер төсінде түрлі кездесу ұйымдастырып, бірі аялдама салып берсе, енді бірі тал отырғызып, ауылдың кіреберісіне өрнектетіп, әсем арқа орнатты.

Тәуелсіздік арқасында дария жағасында жатқан Жаңақұрылыста жоғарыда айтқандай, жағымды жұмыстар атқарылғаны рас. Халыққа қызмет жасайтын азаматтар мен ақыл қосар ақсақал аман болса, ел абыройы бұрынғыдан да асқақтай бермек. Біз баяндап өткен ізгілікті істің бәрі ауыл халқымыз ауызбіршілігі емес пе?!

Қызылорда-Жаңақұрылыс-Қызылорда.

Өткен жылы ғана облыс орталығы болған қасиетті Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінде Ш.Айтматов пен Қ.Мұхамеджановтың 90 жылдық мерейтойларына орай халықаралық форум өтті.

ҰЛЫЛАР ҰЛЫҚТАЛДЫ

Екі күнге жоспарланған форум жұмысын профессор Құлбек Ерғөбек жүргізді. Бұл шараға Кыргызстан, Өзбекстан, Түркия, Башқұртстан, Татарстан, Саха, т.б. түркі тектес мемлекеттердің ғалымдарымен бірге Қызылорда облысынан шақырылған арнайы делегация қатысты.

Форумда Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ университетінің ректоры, профессор Болатбек Әбдіраісов сөз сөйледі. Сондай-ақ, университет ректорының өкілі Жәңгіс Тоғар, Кыргызстан Республикасы ҰҒА-ның Ш.Айтматов атындағы Тіл және әдебиет институтының бөлім басыны, профессор Мэррия Колбаева, Әлішер Науаи атындағы Ташкент өзбек тілі мен әдебиеті мемлекеттік университетінің проректоры Жора Қозиев Нодирбек, Қазан қаласынан келген заң ғылымдарының докторы, профессор Динара Миннигулова өзі бөлісті. Ал Қызылордадан Қорқыт ата атындағы КМУ профессоры Қазыбай Құдайбергенов Ш.Айтматов пен Қ.Мұхамеджановтың өмір жолдарындағы ұқсастықты, тарихи сәттерді әсерлі түрде жеткізді.

Сонымен қатар, облысымызда қос тұлғаның 90 жылдығына орай кешенді түрде өтіп жатқан танымдық, тағлымдық шаралардан форумға қатысушыларды хабардар етті.

«СБ» ақпарат.

Жасөспірім қыры мен сыры беймәлім ересек өмірге қадам басқанында түрлі қиындықтар мен кедергілерден өтуі керек. Мектеп қабырғасынан түлеп ұшып, жоғары оқу орнын аяқтап, мамандығы бойынша жұмыс таппауы жастардың еңесін түсіреді. Түрлі өзгерістерге толы жаһандану заманында жастардың өзі сенімді болып, табысқа жетуі үшін өмірлік және жұмысқа орналасу дағдыларын дамыту қажет. Халықаралық жастар қорының тәжірибесіне сүйенсек, өмірлік дағдылар мен жұмысқа орналасу дағдылары арасындағы байланыс жастарда қиындыққа мойымайтын кез келген жағдайда оң шешім қабылдай білетін тұлғалық қасиеттерін дамытуға септігін тигізуде. «Өзің қалаған дүниені ертеңге қалдырмай бүгін жаса!» демекші, жас талапкерлерді «бала» демей, қазірден бастап тұлға ретінде қалыптастырар болсақ, онда оның болашағы зор деген сөз.

ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ ЖЕТИСТІККЕ ЖЕТЕЛЕЙДІ

Осыған орай, ҚР Білім және ғылым министрлігінің, Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму, Ішкі істер министрлігінің «Қазақстан Республикасындағы кәмілетке толмағандар арасындағы сунцидтің алдын алу жобасын кезең-кезеңмен енгізу туралы» бірлескен бұйрығын іске асыру мақсатында Қызылорда облысында «Billm Foundation» қоғамдық қорының жастар арасындағы өзекті мәселелерді шешуге арналған «Табысқа жеткізетін төлқұжат» бағдарламасы пилоттық режимде жүзеге асырылууда.

Бағдарламаның мақсаты өзіне деген сенімділікті, қарым-қатынас жасай білу, шешім қабылдай алу және мақсат қоя білу сияқты жеке біліктіліктерді жетілдіру, жастар тап болуы мүмкін маңызды проблемаларды болжау, олардың табысты жұмыспен қамтылуын, командала жұмыс істей білуі, ынтымақтастық және қаржылық шындалуы сияқты дағдыларын дамытуды көздейді. Сондай-ақ, жергілікті қауымдастықтың проблемаларын шешуге арналған әлеуметтік жобаларды жоспарлау және жүзеге асыруға қатысуына қолдау танытады.

Табысқа жеткізетін төлқұжат 6 бағыттан тұрады. Олар – денсаулықты сақтау, психикалық саулықты сақтау, эмоционалды интеллект, отбасы құндылықтарын тәрбиелеу, қоршаған ортада өз қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дағдыланау.

Бұл бағытта облыс бойынша 22 тренер таңдалынып алынды. Жалпы, пилоттық бағдарлама барысында облыстағы 21 мектептің 8-сынып оқушылары қатыстырылууда. Бағдарламаны жүргізудегі тренердің ролі ерекше. Өйткені, жасөспірімдермен тікелей қарым-қатынас жасап, мінез-құлқын дұрыс бағытта өзгертуге ықпал ете алатын жетістікке жетелейтін маңызды жан, ол – тренер. Оқушыларға ролілік ойындар, шағын топтардағы пікірталас, қысқаша дәрiс, жаттығулар арқылы дағдыларды меңгертеді. Бағдарлама 20-25 қатысушыдан тұратын топпен жұмыс жасауға арналған. Жүргізілетін сабақтың ұзақтығы 60 минут. Сабақ барысын талқылауда әрбір оқушының пікір айтуына мүмкіндік берілуі керек. Бағдарламаның маңыздылығы осында.

АҚШ-тың Брэндайс Университеті бағдарламаға қатысушылардың алдына қойған мақсаттарының орындалғанын айтады. «Табысқа жеткізетін төлқұжат» бағдарламасы барысында жасөспірім түрінде дағдыларды меңгеріп, оны өмірде қолдану күнделі ігеріп, соған орай білім алып жұмысқа тұруға ұмтылады.


Г.ЖУМАҒАЛИ,
облыстық оқу орталығы әлеуметтік-педагогикалық қызмет бөлімінің әдіскері, облыстық мастер-тренер.

«SYR BOIY» – 90

Табалдырықтан аттап, төрге озған жылда қазақ баспасөзі тарихында орны бар, Сыр елінің аға газеті – «Сыр бойының» жарыққа шыққанына 90 жыл толады. «Сыр бойы» – еліміздегі байырғы басылымдардың бірі. Айдinды Арал мен қарт Қаратаудың аралығындағы елдің өткенін тарихқа, өнегесін тағылымға айналдырған өзіндік дәстүрі мен ұстанымы бар. Қасиетті қарашаңырақта туған топырақтан түлеп ұшып, тұтас ұлт әдебиеті мен руханиятына қызмет еткен тұлғалардың қанаты қатайды.

© Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.

ТОҚСАН ЖЫЛДЫҚТА ТАБЫЛҒАН ҚАЗЫНА



Газеттің алғашқы нөмірі Қызылорда облысы құрылғаннан 9 жыл бұрын 1929 жылдың 1 шілдесі күні дәл бүгінгідей «Сыр бойы» атауымен жарық көрді. Бұл туралы басылымның 45 жылдығына арналған 1972 жылдың 28 шілдесіндегі санды ақын Асқар Токмағамбетов «Сыр бойының шежіресі» деген мақала жазған. Төменде мақаладан үзінді келтіріп отырмыз.

«Шежіренің әртүрлі сыры бар. Біреу шешендігімен, біреу көсемдігімен, кейбіреулер көп жасаған қарттығымен артына шежіре қалдырып отырады. Бірақ бұлар белгілі бір уақыттың болмаса бір заманның шежіресін айтып артына қалдыра алмайды. Ал біздің айтқалы отырғанымыз аты «Сыр бойының», бірақ Сырдарияда болған ұлы оқиғалардың шежіресі десек қателеспеген болар едік. Елдің өсіп, саяси жағы мен экономикасының жылдан жылға өрлеп, өсіп отырғанының шежіресі. Осы өркеннің калай жайылғанын өз бетіне жазып келе жатқан газет жайында болғалы отыр.

Бұл шежіре – осыдан 45 жылдай бұрын ғана дүниеге келген «Сыр бойы» газеті туралы. Бұл – астана 1929 жылы Қызылордадан Алматыға көшкеннен кейін туған шежіре. Өзіміз ат қойып, «Сыр бойы» газеті атап, Қызылорда аудандық партия, кеңес комитеттерінің және кәсіпшілер бюросының органы болып, оны ресми түрде жарыққа шығарғанын басталды. Бұл өте ауыр, өте қиын кезең еді. Бұл кез ауылды жаппай коллективтендіру жұмысының жаңа қанат жайып, етек алған шағы еді.

«Сыр бойы» газеті осы тартыс, күрес үстінде дүниеге келді де партия басшыларымен тап жауларын, бай-қулақтарға қарсы күресте өзіннің жастығына қарамай өз шежіресін бастады. «Сыр бойы» газеті Сыр өңірі еңбекшілеріне талмастан насихат-үгіт жұмысын айбынды түрде жүргізіп отырды».

Торқалы 90 жылдықтың қарсаңында А.Токмағамбетовтің біздің басылымның алғашқы нөміріне қатысты мақаласынан бөлек тағы бір құнды қазынаға кезістік. Ол – ақынның «Сыр бойының» алғашқы нөміріне арнап шығарған өлеңі. Өрпітпесімиз Биболат Сәтжан ақынның қызы әрі мұраларын жинастырушы, ұлағатты ұстаз Аяқоз Аскарқызына жолығып, қолжазбалармен, құнды құжаттармен танысқан еді. Сарғайған парактардың арасындағы «Сыр бойы» газетінің алғашқы саны шыққанда жазған өлеңінің қолжазбасын суретке түсіріп алып-

ты. «Сыр бойында» сызылмақ, «Үлгілі істің үлгісі» деп басылымның алғашқы қадамын сүйіншілеген шығарма 1928 жылдың 22 маусымында жазылған екен. Екінші бір құжат – 1929 жылдың 12 қазанында берілген, «Сыр бойы» газетінің жауапты редактор мен хатшы Байдүлінің қолы қойылған, ақынның Қармақшы ауданына іссапар куәлігі.

Бұл құжаттар ақынның М.Горькийдің қолынан алған Бүкілодақтық Жазушылар одағына мүшелік билеті, өзге өлеңдері және хаттары мен бірге сақталып келген. Біздің қолымызда газетіміздің алғашқы жылдардағы нөмірлері туралы деректер тым аз болғандықтан, тарихымызға қатысты тасқа таңбаланған қазынаны оқырман назарына ұсынғанды жөн көрдік.

«Сыр бойы»

(«Сыр бойы» газетінің бірінші саны шыққанда)

«Сыр бойы» Сырдың тұңғышы, Тұңғыш ұшқан жыл құсы. «Сыр бойында» сызылмақ, Үлгілі істің үлгісі. Жанарған жаңа ауылмен, Жалшы-батыр құрмысы. Артель, мектеп, коллектив Ауылда кеңес құрылсын. Бюрократ бейбастақ, Төрешіл төре қылмысы.

«Сыр бойы» Сырға сыр берсін, «Сыр бойы» Сырға нұр берсін. Партия жолын айқындап, Тілектеске тіл берсін. Кемісіне сын берсін. Көлемін жайып, көркейіп Өркені өсіп түрлесін. Тілшілерден бір тілек, Жазғандардың сын болсын. Қылмысы болса жасырма, Мейлі десе кім болсын. Атқамінер алаяқ, Асқатамай жым болсын. Онымен қатар бір тілек, Естерінде бұл болсын.

«Сыр бойы» жасқа жеткенше, Неше-неше мың болсын.

«Сыр бойы» Сырға шашайық, Бәсекеге науқан ашайық. Жұмыла тұрып ау десіп, Санына сапа қосайық. «Көп түкірес көл болмақ», Жайнатыйық, жасайық.

**А.ТОҚМАҒАМБЕТОВ,
Қызылорда,
1928 жыл 22 маусым.**

Әх, велосипед! Велосипед! Кіп-кішкене томпиған қара қыз Құндызайдың тілімен қазақшалап айтқанда белсебет. Ол осы белсебетті қалай жақсы көретінін білсеңіздер ғой. Жақсы көргені сол, осы екі аяқты арба күндіз-түні ойынан шықпайды. Тіпті кейде түсіне енеді. Ал түсінде көрсө рахат!

Аспан түстес көкпенбек, кейде жапырақ түстес жасыл белсебетті теуіп, зулап жүреді. Үй-үйдің арасындағы тар жерлерде емес, ауыл сыртындағы машиналар жүретін үлкен жолға шығып алып зулайды. Кейде шөпке, бақшалыққа баратын айдау жолмен ызғып келе жатады. Рахат! Нағыз рахат! Өйткені мұнда: «белсебетімді бер, белсебетімді бер, енді өзім тебем, сен көп тептің, өзімің де айдағын келіп бара жатыр», – деп асықтыратын Қымбат пен Гүлжауһар жоқ. Олардың жоқ болатыны бұл алысқа-а қашып кетті ғой. Екеуінің белсебетін кезек-кезек сұрап алады да анда-санда өстіп алы-ы-стағы әйдік жолдарда зулайды. Сондайда, яғни ең далада бір өзі зулап келе жатқанда, кеудесі қуанышқа толады. Шаттаналды, мәз болады. Асықтыратын, «бер де бер», – деп безілдейтін, жыны келтіретін ешкім жоқ. Тек кейде-кейде мұнымен жарысқан құсап ақ бауыр қарлығаш пен жұлдырқай жаурғарай жанынан зу-зу өтіп ұшып өтеді. Жақсысы, олардың мұнымен де, белсебетпен де шаруалары жоқ. Осылайша кеудесі қуанышқа толып, құстармен жарысып келе жатқанда астындағы белсебет өзінкі сияқты болып кетеді. Иә, үйдің жанындағы бірге ойнайтын достары Қымбаттыкі де, Гүлжауһардыкі де емес, тап өзінкі белсебетпендей болады. Жүрегі жарылардай қуанып, мәз-мейрам күйі кешіп, шаттанатыны да содан.

Әх, бірақ бұл Құндызайдың түсі ғой. Ал өңінде... Көбіне танертен және кешке бір құжат – 1929 жылдың 12 қазанында берілген, «Сыр бойы» газетінің жауапты редактор мен хатшы Байдүлінің қолы қойылған, ақынның Қармақшы ауданына іссапар куәлігі.

Бұл құжаттар ақынның М.Горькийдің қолынан алған Бүкілодақтық Жазушылар одағына мүшелік билеті, өзге өлеңдері және хаттары мен бірге сақталып келген. Біздің қолымызда газетіміздің алғашқы жылдардағы нөмірлері туралы деректер тым аз болғандықтан, тарихымызға қатысты тасқа таңбаланған қазынаны оқырман назарына ұсынғанды жөн көрдік.

«Сыр бойы» Сырға сыр берсін, «Сыр бойы» Сырға нұр берсін. Партия жолын айқындап, Тілектеске тіл берсін. Кемісіне сын берсін. Көлемін жайып, көркейіп Өркені өсіп түрлесін. Тілшілерден бір тілек, Жазғандардың сын болсын. Қылмысы болса жасырма, Мейлі десе кім болсын. Атқамінер алаяқ, Асқатамай жым болсын. Онымен қатар бір тілек, Естерінде бұл болсын.

«Сыр бойы» жасқа жеткенше, Неше-неше мың болсын.

«Сыр бойы» Сырға шашайық, Бәсекеге науқан ашайық. Жұмыла тұрып ау десіп, Санына сапа қосайық. «Көп түкірес көл болмақ», Жайнатыйық, жасайық.

**А.ТОҚМАҒАМБЕТОВ,
Қызылорда,
1928 жыл 22 маусым.**

Осылай деп амалсыз келісіп, үнжырғалары түскен балақайлар кері бұрылып, қайтадан өз ойындарына кіріседі. Ал Құндызай олай етпейді. Сол тұрған орында селтініп тұра береді. Белсебеттерінің қонырауларын сыңғыр-сыңғыр еткізіп кетіп бара жатқан екеуінің артынан қара-а-ап тұрады. «Шіркін-ай» деп ойлайды сондайда. – Шіркін-ай, менде де осындай белсебет болса ғой. Көк белсебет. Жок-жок, көк емес, Гүлжауһардыкіндей жасыл.

ұстап сүйемелеп, бір-екі рет жүргізіп көрсетіп еді, әрі қарай өзі үйреніп кетті. Сонан қалаға барса Жарқынның қоныр белсебетінен түспейтін болды.

Сөйтіп жүргенде өздерінің кіп-кішкентай ауылы Қоғалыдағы күнде бірге ойнайтын достары Гүлжауһар мен Қымбатта да белсебет болды. Рас, әуелі пермеде бастық болып істейтін көкесі Гүлжауһарға белсебет әперді. Оны көрген Қымбат атасына қығылықты салды-ай кеп.

жауһардың перме бастық көкесіндей көкесі де болған емес! Сонда бұл не істемек? Не істесін, өйтсі-і-п екеуінің белсебеттеріне қызы-ге-е-еп жүре берді.

Рас, Гүлжауһарда Қымбат та жаман қыздар емес. Кейде-кейде белсебеттерін бір-екі айналып келуге береді. Тіпті кейде көңілденіп кетіп көбірек тептіретін кездері де болады. Ондайда бұл рахаттанып, желпініп, қуанышы кеудесіне сыймай, ғажайып күй кешеді. Бірақ ондай

ештене жоқ, Гүлжауһардың жапырақ түстес жасыл белсебетімен ұзын жолда ұз-а-а-ақ зулады. Армансыз зулады, рахаттанып зулады. Ал кеш батып, егесіне белсебетін әкеліп берген кезде қиынның қиыны болды. Екі бірдей жұлдырғын түйіп, ашудан жарылардай болып тұрған Гүлжауһар:

– Ма, саған! – деп бар күшімен кеудесінен итеріп кеп қалды.

Бұл ыңк етіп белсебеттің үстіне құлап түсті. Басы тура дөңгелектің ортасына тиді. Осы кезде Гүлжауһар мұның басына тепкісі келді ме білмейді, әйтеуір дөңгелекті үсті-үстіне теуіп-теуіп жіберді. Дөңгелек зыр айналды.

– А-а-ай, а-а-ай, шашым, шашым, ба-а-сым, ба-а-сы-ы-ым.

Құндызайдың құлындағы даусы шықты. Әрі қарай досы мұны теуіп жатыр ма, жоқ дөңгелек жәй айналып жатыр ма, білмейді, әйтеуір аспан төңкеріліп, жер көшіп бара жатқандай болды. Арғы жағы беймағлұм.

Екін медпункттің бөлмесінде жиды. Қасанда ақ халат киген доктор, өзінің апасы, Құралай және Гүлжауһардың апасы отыр екен.

– Ой, жәнім, көзін ашты ғой, – деді апасы даусы дірілдеп. Өзі жылаған ба, қалай, көзі қызарып кеттігі.

– Ой, айналайын, айналайын, тфэ-тфэ, бізді қатты қорқыттың ғой. Ештене қылмайды, – деді Гүлжауһардың апасы кібіртіктік сөйлеп. – Басың қаға тиіпті қайта. Құдай сақтаған. Ана қыздың жанын шығарам. Кешіп, айналайын. Балалық жасаған ғой. Айып бізден. Енді таласпайтын боласыңдар. Запкерме қайынама айтып, өзіне бір белсебет алдырып берем...

– Керегі жоқ! Керегі жоқ! Белсебеттің керегі жоқ! Керегі жоқ!

Құндызай қалай айқайлап жібергенін, неге айқайлағанын білмейді. Дәл сол сәтте «белсебет» деген сөзді естігенде басына біреу біз сұғып алғандай болды. Жүрегі соғып, миы шанышты кетті. Тағы да аспан төңкеріліп, жер көшіп бара жатқандай болды.

– Керек емес! Белсебет керек емес! Керек емес! Ө-ө-ө-ө-ө. Ба-а-а-сы-ы-м-м-...

– Қоя ғой, қоя ғой, жәнім, жәнім...

– Тыныш, тыныш, қазір басылады, қазір жақсы болады, – деп доктыр укол салуға кірісті.

Сонан Құндызай оншақты күндей медпунктке қатынан ем алды. Басының жарасына май жақтырып, ине шаныштырады. Дәкесін ауыстырып, сүйік дәрімен сүрткенде төбесі удай ашып, ауырды. Қанша өзін ұстап, мықты болайын десе де сол кезде бырт-бырт өтіп көзінен жас шығып шығып кетеді. «Құрысын белсебеті, құрысын! Керек емес, керек емес!» – деп еріксіз күбәлейді ондайда. Шанышты түптері қол тігізбей қажайды. «Қанталап кеткен» – дейді. Айсәуде айтты. Қанталамай қайтсын, дөңгелектің теміріне оралып, онымен қоса айналған шашын ажыратып ала алмағанын «терісін жұлып кеткен» – деп қайшымен қыпқып жіберіпті апасы. Сонан да қазір шашы үй әктейтін шөткеге ұқсап шүнтіп қалды. Бұрын бұрымдары тоқтапқай, ұзын еді.

Бұл «керек емес» деген сөзді бекер айтпасты. Белсебет көрсө бітті, миы шанышып, жүрегі дүрсілдеп кететін болды. Аяқ-қолы дірілдеп қоя береді. Әнеуекүні Құралай екеуі докторда жүргенде Гүлжауһардың көкесі бұған белсебет әкеліп, сарайға кіргізіп қойып кетті. Бірақ Құндызай оны барып көрген де жоқ. Ал естігенде көнлі жабырқақ сала берді, жүрегі адырғандай болды. Сосын өксіп-өксіп жылап жіберді. Өзін тоқтаста алмай біраз жылды. Сол күні Айсәудеге қайта-қайта айтып, белсебетті Гүлжауһардың үйіне апарғызып тастады. Әкесінің:

– Ағайыннан ұят болар, балам, – деген сөзіне құлақ асқан жоқ.

Осы оқиғадан кейін Құндызайға тек қана белсебет емес, көп нәрсе қызық болмай қалды.



**Несебелі РАХМЕТ,
Қазақстан Жазушылар
одағының мүшесі.**



Жок, Қымбаттыкіндей көк. Ей, бірақ мейліш, әйтеуір белсебет болса болды. Сыңғыр-сыңғыр ететін қонырауы бар. Апасы мен әкесіне ылғи айтып, қыңқылдап-ақ жүр ғой. Ондайда әкесі:

– Әй, балам-ай, сәл шыдашы, ақшасы құрғырдың реті болмай жатыр. Алып берем, алып берем. Шөп орып сатсам да алып берем, – дейді нық сөйлеп.

– А, алып бересің ба, жақсы болды ғой, жақсы болды, – дейді бұл қуанып кетіп.

Ал апасы:

– Тәйт, қыз баланың белсебет тепкенің несі жақсы. Онан да кесте тігіп, тор тоқуды үйренбейсің бе. Қыздарға сол дұрыс. Белсебетті ер балдар тебеді. Қыз балдар теппейді, – дейді тұлғарып тырысып.

Апасы осылай дегенмен, Құндызай қыз бала болса да белсебет тепкісі келеді. Тепкісі келгенде қандай! Күнге шағылысып жалт-жалт ететін аппақ қонырауын сыңғыр-сыңғыр еткізіп қойып, ауыл сыртындағы үлке-е-ен жолда зулағысы келеді. Ал, анау, апасы түсіндірген кесте, тор тоқу дегендер... Айтпа, айтпа, ондайды бұл үйренбек түгілі, ойлағысы да келмейді. Үйдің өзінен үлкен кыздар-ападары Құралай мен Айсәуде сияқты қолдары қалт етсе болды кестелері мен қиық-қиық маталарын, торларын мен ине-жіптерін, кручоктарын алып іс тігуге отырғыны жоқ. Қазіргі бұның арманы – тек белсебет. Дәл қазір ғана емес, осы екі дөңгелекті зыр-зыр еткен керемет көлікке Құндызай бұрыннан да құмар тұғын. Оны айдап, желдей зулауды бұрыннан-ақ ұнататын. Тек бұрында белсебет қаладағы туыскандарының баласы Жарқынға ғана бар болатын. Кейде-кейде солардың үйіне қыздырып барғанда тебетін.

Жарқын сондай жақсы бала. Белсебетін сұраса болды, дереу береді. Сосын «бол да бол, енді өзім тебем», – деп асықтырмайды. Қайта бұған көмектесіп дарбазадан шығарып, «гратар» деген тар жолға салып жібереді. Өзі сонынан қарап, қалағалап тұрады.

Құндызайға ең әуелі белсебет тебугі үйреткен де осы Жарқын туысы. Қызғы-Құндызай ауылдағы балалар сияқты белсебетке бірінші рет мінгенде құлап, қиқандап, рөліне еге бола алмай сасқалақтап, көп әуреге түскен жоқ. Жарқын мұны отырғызып, ері мен рөлінен

– Ата, ата маған белсебет керек. Гүлжауһарға көкесі алып беріпті. Қаладан әкеліпті. Маған да алып бер. Алып бересің, ә? Өйтпесе сенін балаң болмаймын, – деп атасын қорқытты.

– Алып берем, алып берем, ботам, жақсы да пенсиямды алам, сосын әперем, – деді апасы немересінің басынан асып.

– Жок, жақсы да емес, қазір әпер, қазір әпер, айтпесе сенің балаң болмаймын, папамның қызы болам.

– Қой, ботам, олай деме, сен менің баламсың, ой, жарығым, пенсия алайық...

– Ө-ө-ө-ө-ө-ө-ө-ө-ө-ө-ө. Белсебет, белсебет алып бе-е-ер!

Сонан не керек, Дауылбай ата ертеңіне таң азанымен тұрып картон зауытқа жұмысшылар тасытын порто-вые машинасы мінді. Ал түс кезінде, бұл қыз үйлерінде жәйбаракат шайларын ішіп отырғанда:

– Ей, Алпысбай, Құндызай, Мірамакул, Бактияр, келіңдер, келіңдер атам маған белсебет әкелді, белсебет әкелді, келіңдер, көріңдер! – деп зыр жүгіріп айқайлаған Қымбаттың даусы естілді.

Қолындағы қанты мен кесесін қоя салған Құндызай есіктің дәке пердесін серіппе жіберіп сыртықа ытып шықты. Анадай жерде Мірамакул мен Бактияр да Қымбаттың үйіне қарай жүгіріп бара жатыр. Олардың соның ала бере екінің бірі бұл да жетті. Сөйтсе, тамның көлекесіне балалар мен бір-екі көрші ағалар жиналып қалыпты. Орталарында су жаңа, көкпенбек белсебет! Өдемесің-ай! Көкпенбегін-ай! Бұл тіпті Гүлжауһардыкінен де әдемі сияқты.

Осылайша Дауылбай қарияның жалғыз ұлының жалғыз қызы, атасының мойнына мініп отыратын ерке немересі, Қымбатта да белсебет болды.

Сол күннен бастап Құндызайдың көкейінде «Шіркін, менде де осындай белсебет болса» деген арман пайда болды. Бұрын бүйтіп армандамайтын. Өйткені белсебет тек Жарқын сияқты қаланың балаларына ғана болады деп ойлайтын Сөйтсе жоқ. Ауылдағылар да болады екен.

Е-е-ей, бірақ қазір бұған ешкім белсебет әперейін деп жатқан жоқ. Дауылбай қариядай атасы жоқ. Үлгі әдемі ойнаштықтар мен сәнді киімдер сыйлайтын Гүл-

жуанышты сәттер үнемі бола бермейді. Сонан да бұл көбіне белсебеттері дөңгелектерінің аппақ сымдары күнмен шағылысып жалт-жалт етіп, қоныраулары тынымсыз сыңғыр қағып әрлі-берлі зуылдап жүрген қос құрбасына қызыға қараумен болады.

Әсіресе бұлар бір-бірімен ренжісіп, ұрысып қалған кезде қиын, өте қиын. Қызы-ғудың көкесін де сол кезде көреді бұл. Көрмей қайтеді, мұндай қыргы қабақ күндері олар белсебеттерін бермек түгілі, рөлінен де ұстатпайды. Құндызайға ең ауыры да осы. Жап-жасыл, көкпенбек белсебеттерге көзін сапып, анадайдан телміре қарап тұрады. Сөйтіп тұрып ойлайды: «Не істесем екен-ә? Не істесем екен? Гүлжауһармен қайтіп татуласам екен? Қымбатты көндіру қиын. Оның мінезі шатақ. Ал Гүлжауһар шамалы жақсылау. Ол сосын суретті жақсы көреді. Талай рет ұрысып қалғанда Құндызай оның дәптеріне үйдің, күлдің, балықтың, көгершінің, қоян мен күштіктің, жапырақтың, талдың суреттерін салып беріп, қайтадан достасып кеткен. Мүмкін осы жолы да солай істер, ә? Тіпті болмаса, дәптерінің бәрін толтырып салып берер. Иә, сөйтеді. Осылай еткені дұрыс».

Сонда балақайлар неге ренжіседі дейсіз ғой. Оған да себеп осы белсебет. Біреуі «берші», – дейді біреуі «бермеймін», – дейді. Оның соны кеп ұрысуға, өкпеленп қалуға ұласады. Ал кейде бұлар: «Анау жерге дейін ғана барып қайтам», – деген уәделеріне тұрмай, алыстау жаққа кетіп қалып, темір тұлпарды ұзағырақ теуіп қояды. Сондай келісімді бұзып, белсебетке мінсе бұл үздені де, өзге дүниені де ұмытып, шығандап, шарықтап кететінін бірі, бірі емес-ау бірегейі – осы Құндызай. «Енді өйтпеймін, енді өйтпеймін, алысқа кетпеймін», – деп қанша айтты. Бірақ... бірақ... қайтесің енді. Аяғы педальға тиді дегенше тоқтау жоқ бұған, ой бір желпініп, қанаттанып, құстай ұшып кетеді дейсің. Тоқтап алмайды, кішкентай жерде жүре алмайды, алысқа, алысқа ұзады, ауыл сыртындағы үлке-е-ен жолға түсіп алып зулайды-ай кеп, зулайды.

Құндызай өстіп қос құрбасының көлігіне қызығып, оларға жалынумен жүргенде бір күні күтпеген оқиға орын алды. Ойында

Қайқы батыр

Бұл кісі жайлы өзімізге қажетті дерек көздерін мұрағат сурелерінен кезіктіре алмадық. Сондықтан кезінде дастарқандас, сыйлас болған Беркінбай кәлпе, Жанұлы Сейіткерей сынды шежірешіл ағаларымыздың естеліктерін пайдалануымызға тура келді. Кейінгі толқындардың да қаперінде жүрсін, жадында сақталсын деген шығар, әйтеуір, ата-бабаларымыздың арғы-бергі тарихынан әңгіме қозғап, бізді бір байыттып тастайтын. Әлгі кісілердің әрбір әңгімесін ұйып, зейін қоя тыңдаушы едік. Өкінішке орай, көкірегі көмбе іспетті мұндай абыздарды кезіктіре алмайсыз.

Бірнеше ғасырлар көлемінде шыңыр балақ, шұбар төс аталып келген Өмірқұл аталығынан өсіп, өнген батырлар шоғыры 4-5 ата бойы үзілмей кешегі кеңес дәуіріне, яғни қайтыс болғанына бір ғасыр толып отырған Қайқы батырға дейін жалғасып келген-ді. Әулие-әмбиелер де мол болған замандастарының айтуына қарағанда Өмірқұл бабамыз өз заманының аса аukatты, төрт түлік малы тел өскен, бұған қоса атымтай жомарттығымен де атағы жайылған кісі болса керек. Осынау енапат байлыққа жер қайысқан малға, кім сұқтанбайды дейсіз?! Ол кезде де ұры-қарылар аз болмаған ғой. Осының бәріне нелік қылатын бірін екі ететін, өрісін, жайылымын қорғайтын жаракты ұлы болмағандықтан Өмекеннің де көңілі бірленбей, алаңдаумен болады. Ақыры осы ой-арманына Мүсірәлі жеткізеді.

– Уа, әулием, Сіз жеті өлікке жан бітіріп, жеті ірге қол берген, бізден гөрі Аллаға бір табан жақын тұрған құлмасыз ғой. Сіздің сөзіңізді, тілегіңізді жаратушы неміз жерге тастамайтын болар. Ұлысызға – ұл, қызыңызға қыз сұрап алып беріп жатқан көрсеніз.

Арасында бізге де шарапатыңыз тиісін де. Өзіңіз білесіз, құдайға шүкір, 2-3 ер баламыз бар ғой. Қазаққа көп болса да батырлар артықтық етпейді. Мың мәрте тәубе, қанағат... Десек те, маған да елі мен жеріне, төрт түлігіне нелік етер ержүрек бала қажет болып тұр, сол есінзиде жүрсіңші, – дейді. Арада бірнеше уақыт өткен соң Мүсірәлі әулие: «Қолыңызды жайынды, ниетіңіз түзу, пейіліңіз пақ жансыз ғой. Алла тағала сізді көш басатындай Қарқара есімді ақылды қызбен, қол бастайтындай Сәрке атты батыр үлмен жарықтайтын болды. Екеуінің де болуы берік, өзіңізге ізге сенімді серік болсын» – деп ағынан жарылып ақ батасын берді.

– Ойпырмай, әулием-ай, мен сізден батыр болып туылар бір ғана ұл сұрап едім, қызды да қосып бердіңіз. Әрі оның есімін бірінші болып атадыңыз ғой дегенде:

– Қарқараның заты қыз демесеңіз, оның бауырынан өнер ұрпақтың батырлығы 3 атаға дейін жалғасар, ұзақ жасар, ал Сәркенің баһадүрлігі 4-5 атаға ұласар, ишшала, – деп сөзін аяқтайды. Айтқанындай Қарқара апамыздың бауырынан өрген, Барак, Асау және Дәулет есімді перзенттер хас батырлығымен тарихта қалады. Өзіміз әңгімелегі отырған Қайқы атамыз Сәрке батырдың Қареке есімді туған ағасының шөбересі болып келеді. Бұл кісі шамамен 1845 жылы өмірге келген. Ұзақ есімді әкесі қанды шайқастардың бірінде мерт болып, артында қалған жалғыз ұлы ерте есейіп, ел қатарына қосылады. Әлі бұны бекіп, бұғанасы қаттай жатып-ақ ел аузына ілігіп, түйе палуан атанады. Ат құлағында ойнайтын шабандоздығы өз алдына, бергін келе найзагерлік һәм мергендік мектебінен өтеді. Сөйтіп, бозбала шағында-ақ Қайқы батыр деген атаққа ие болады. Әдетте бұл деген атақты қанды шайқастарға қатысқандарға



қиганымызбен осы қантөгістердің алдын алып, сан мыңдаған бейкүнә жандарды ажал аузынан аман алып қалғандарға сарандық жасап жүрген сияқтымыз. Бұл әділдік емес, әлбетте. Біздің кейіпкеріміз де Сәрке, Байқалам, Сейіп, Бұқарбай батырлардай қалың жаумен бетпе-бет келіп шайқаспағанымен, ылғи қауіп-қатері мол үлкенді-кішілі толқулардың, қақтығыстардың ортасында жүргені ақиқат.

Бұған да ақыл-парасат, тапқырық, темірдей төзімділік пен батыл іс-қимыл керек-ақ. Қайқы батыр бүкіл саналы гуммырын елі мен жерінің тұтастығын, бірлігін, тыныштығын көзінің қаршығандай қорғауға, абырой-беделін асқататұға арнаған біртуар азамат болған.

Бір ерекше атап өтер жай, Қайқы атамыздың бір-бірін үнсіз-ақ ұғысар сыйлас, сырлас замандастары көп болған. Олар Алданазар би, Қалжан ахун, Шортанбай шешен, Табынбайлы Жарықбай жырау болып жалғасып кете берді.

«Келісіп пішкен тон келте болмайды» демекші, бұлар қиын да күрделі дау-жан-жалдарды әдетте бірлесіп, ақылдасып шешкен. Қалай да ақиқат ауылынан ауытқымауға ұмтылған. Осындайда от ауыз, орақ тілді шайырдың мына бір жыр шумактары еріксіз ойға орала берді:

Әркімнің өзіне лайық бағасы бар, Жөкеннің де Қайқыдай ағасы бар. Тура биле туған жоқ, бәрі де рас, Дей алман жұрттың бұған таласы бар. Сөйлеп кетсе, бұл кісі шешен еді, Ер құнын да қиналмай шешер еді. Текті әулеттен тараған азамат қой, Есіл ер көсем еді, көсем еді...

Бұқарбай батырдың қартайған шағы болса керек. Барып сәлем берейін, бірер күн жанында болып, көңілін көтеріп қайтайын деп Қайқы жолға шығады. Қасына бірер жігітті ертіп, құздеуге келіп құлаған батыр ауылына келіп жетеді. Қарулас ағасы да сағынып қалса керек төбесі көкке жеткендей тамаша күй кешеді. Ауыл-аймақтың, ағайындардың амандығын түгендеймін дегенше шай да әзір болады. Дастарқан басында елдің тыныштығы, ауызбірлік жөнінде әңгіме қызып сала береді.

– Қайқы, айналайын, сәлем бере келсең, саламат бол! Сыр бойын жайлаған ағайындар мына өзіңе аманат. Өзің бар, билік басындағы азаматтар бар, елдің іргесін бекемдеп, шаңырағын шайқалтпай, босағасын берік ұстап отырған көрінесіңдер. Бұлдары қорғендік, әлбетте. Қазақ қазақ болғалы қанды қақтығыстардан көз аша алмай келеді ғой.

Тағдыр бізді қашаңғы – берер дейсің. Азаттық таңы да атар, қой үстіңе бозтորғай жұмыртқалар заман да орнар. Аллаһ соған жеткізгей деп тілейік. Біз болсақ, қартайдық. Өзіміз көрмесек те, ондай заманды ұрпақтарымыз көрер. Осының өзі қандай бақыт, мәртебе десенші!

Асықпағың, бірер күн тынығып, осы жақтағы ағайындардың дәм-тұзын татып, батасын алып, қайтқайсын. Ұмытпай тұрғанда айттайын, өзің көріп тұрғандай анау қереге басында 5-6 қылыш ілулі тұр. Небір қиянқескі қантөгістерді бастан өткерген, талай-талай түбіне жеткен қару ғой. Соның біреуін алып кетейсің. Менен ескерткіш болсын, – дейді үй иесі. Сонымен әлгі қаруды Қайқы атамыз өлер алында өзіне ұқсап жүректі болып туған Нарша есімді ұлына табыс етеді. Наршен 30-шы жылдары Терөзек ауданында жауапты қызмет атқарып, аудандық атқару комитетін басқарып тұрған Ерман Мынбаев деген замандасымен жақсы сыйластықта болады. Ерекшенің нәрестелері тұрмай, қыркынан шығаршықтастан бірінен соң бірі шегіней берді.

Азияны жағдай, бірақ қолдан келер қандай аман бар?

Бірде Наршен әкесі сыйлаған әлгі қылышты бесікке танып көреді. Күні бойы шырылдап жатқан нәресте бусанып, ұйықтап кетеді. Мына кереметті қараңыз! Сол сәттен бастап бұл үйге құт-береке, бақыт кіреді. Сәбилері бірінен соң бірі өсіп жетіле бастайды. Өз кезегінде Ерекшен досына сыйлайды.

«Ел құлағы елу» дегендей әлгі жағымды жаңалық өткен ғасырдың 90-шы жылдары біздің құлағымызға ша-

лынып, ақырында Мынбаевтар әулетінің ризашылығымен әлгі қылышты Жалағаш ауданы Бұқарбай ауылындағы батыр музейіне табыс еткенбіз.

Араға бір ғасырдан астам уақыт салып, батыр баба қаруымен қайта қауышқан жұртшылықтың қуанышында шек болған жоқ. Көзінің қаршығандай сақтай білген батырларымызға да, Наршен мен Ерекшене де алғысымыз шексіз. Жатқан жерлері жаннат, топырақтары торқа болғай!

Осы игілікті істің басы-қасында болуым мен үшін де үлкен қуаныш, мәртебе болғанын айта кеткім келеді.

Е.Мынбаев ұзақ жылдар бойы Қараөзек теміржол стансасын басқарыпты. Суық қаруды сақтап отырсыз деген желеумен үйін қайта-қайта тіптіп, қорқытып, үркітсе де киізге орап, жер астына көмілген қылышты қорғап қалған. Ерекшенің Рахима есімді қызы сонау 50-ші жылдары жоғары оқу орнында бізбен бірге оқыды. Әлгі қылыштың дерегі де мен о баста сол қарындасымыздан естіген едім.

Қайқы батыр көзінің тірісінде 4 ұлым бір төбе де, Ажарым бір төбе деп отырады екен. Батырдың Бекжан, Нарша есімді ұлдары кезінде ел басқарған, болыс болған. Бекжанның сонау 1920 жылы Бакуде өткен мұсылмандар құрылтайына Сыр бойынан қатысқан тұңғыш делегат екенін көшпшілік біле бермейді. Ал Ажар есімді қызының болмысы тіпті ерекше болғанға ұқсайды. Ер мінезді, өжет, батыл болып өссе керек. 1937 жылдың жазында, егін орағының соңына қарай Себеб есімді отағасын өзін басқарып отырған қолхоздың астығын талан-таража салдың, кім көрінгенге үлестірген деген айып тағып, халық жауларының қатарына қосып, қияндағы Амурға айдайды. Босқа күйіп бара жатқан бейкүнә отағасын арасалап аламын деп қанша арпалысса да апамыз ештеңе шығара алмайды. Сөйтіп, не керек сол жылдың күзінде бірді-екілі малын сатып, қарызданып-қауғаланып нар тәуекелге бекініп, айшылық жолға жалғыз өзі шығады. Бұрын ауыл арасынан ұзап шықпаған, бірауыз орысша білмейтін, отарбаға аяқ артып, көрмеген жанның мұндай көзсіз тәуекелге баруы сол кезең үшін ақылға сыйыспайтын ерлік, жанкештілік болатын.

Орынбордан Сібірге баратын пойызға отырғанына бүгін екінші тәулік. Ол заманның жол азабы тіпті қиын. Ажар апамыз амалсыздан тілі жоқ мылқаудың, саныраудың кейініне келіп, ілауап межелі жеріне аман жетсе керек. Колония басшылары қарапайым қазақ қызының адам айтса нанғысыз жанкештілігіне қайран қалады. Мұнда бірінші болып жеткен қазақ қыздарының бірі де бірегейі болып шығады. Сол колонияға 7 рет барып, 7 рет қайтып оралады. Көзсіз ерлігі еленсіз қалмайды. Колония басшылығы соңғы барғанында отағасын өзімен бірге біржола ертіп жібереді. Бұл да сол бір қатал заман үшін көз көріп, құлақ естіген жағымды жаңалық еді. Сондай-ақ, Ажар апамыз текемет басыдұң, кілем тоқудың, киіз үй өзбелдерін жасаудың да хас шебері болғанға ұқсайды.

Осы мақаланы әзірлеу үстінде Ажар апамыздың облыс орталығында тұратын Райхан есімді 85 жастағы қызымен де жүздесіп, аяулы анасының қадір-қасиеттері, нағыз батырға тән болмысы жайлы қызықты әңгімелерге қанықтық.

Қайқы батырды Байна Наршаев бастаған ұрпақтары еске алып, рухына құран бағыштап отырады. Атырылып жатқан имандылық шаралары да аз емес. Соңғы жылдары батыр кесенесі жанғыртылды. Атажурты Қалжан ахун ауылының бір көрікті көшесіне батыр бабаның есімі беріліп, абағандырылған. Алдағы уақытта Қайқы ағашы деген жер де қайта жаңғыртылып, жасыл желектермен көмкерілімек.

**Ахат ЖАНАЕВ,
Қазақстанның құрметті журналисі,
Жалағаш және Сырдария
аудандарының құрметті азаматы.**

Есімі ел аузында жүргенімен, кейбір тұлғалардың жыл өткен сайын ұмытыла түсетіні баршамызға белгілі. Біздің көптеген тарихымызда XVII ғасырдан бастап ресей елінің шығыстанушылары, әскерилері, жалпы қазақ халқының тарихын білуге құмар көптеген азаматтар өздерінің жол жазбалары мен түрлі кездесулердегі қазақ билері мен батырларын сипаттап жазған мақалалары кездеседі. Әрине, олар көзбен көрген оқиғаларын тілмаштар арқылы түсініп, сезінеді. Осы тұста кейбір оқиғалардың мәнін жете түсіне білмегендіктен, болмаса кейде әдейі дұрыс жазбау да мүмкін. Тіпті, кей кездерде адам аттарының өзі дұрыс жазылмағандықтан, оны оқығанда, зерттеушілердің өздері қателеседі. Сондай-ақ, қазақтың кең даласын қорғап қалған батырлар өте көп және олардың есімдері кейде бірдей болып жатады. Мысалға, Бөкенбай, Бөгенбайлар, Қыстаубайлар, Ақпан мен Ақтандар, Жәнібектер, тағы да басқа ерен күштің иелерінің ерлік істері кей кезде бірінкі, екіншісіне тәліп жазылып та жүр. Бұл әдейі жасаған әрекеттер емес, білместіктен туындайтын жәйттер. Екіншіден, ел аузында біраз батырлардың ерліктері айтылып жүрсе де, жазба деректерде есімдері кездеспегендіктен, ұмытылып барады. Солардың бірі – Ақпан Жұмырұлы.

ЕСІМІ ЕЛ АУЗЫНДАҒЫ ТҰЛҒА

Ақпанды ел ішінде бірде батыр, енді бірде би деп айтады. Орыс деректерінде көбіне-көп батырларды би деп жазғандарын ескі кітаптардан оқығаным бар-ды. Сол себептен болса керек, қазақ билерінің Екатерина патшайымға 1785 жылдың 21 шілдесінде жазған ұсынғыс-хатына қол қойғандардың арасында Шөмекей Арыстанбай Баһадүр, Ақпан бидің болғанын жазды. Бұл деректер «Қазақ ССР тарихының материалдары» атты кітабының IV томының 53-бетінде басылған.

Арыстанбай Айбасұлы Әбілқайыр ханның әскер басшысының бірі болған батыр екені тарихи кітаптарда, Қазақстанның халық жазушысы Әбіш Кекілбаевтың романдарында айтылып өткен. Олай болса, Арыстанбаймен ағайындас болып келетін Ақпанның есімінің қатар аталып, жазылуы бізді көп нәрселерден хабарлар етпек.

Тағы бір ел аузында айтылып жүрген Бөйткі батыр айты деген ел сөзінде «қасымда Ақпан мен Байдәулет болса, біздерді еш жау алмайды. Дөйт ұраны – бәрмізді бірлікке шақырады», – деп отырады екен. Атақты батыр Бөйткі Баймембетұлымен бірге Қарақалпақ Нұртай мен Орынбайдың бекіністерін бұзып, Жандария мен Қуандария өзендерінің бойынан қуандардың бірі – Ақпан батыр.

Тайға таңба басындай жазылып қалмаса да, Жанжағы (Маненбай) сұлтан мен Хиуа зекетшілеріне қарсы шығып, барымташыларға мал-мүлкін, ауылын тонатпаған да осы Ақпан батыр. «Аламесек», «Балапан төбе», «Моладүмрат», «Жаутөбе», «Көк Аяз» маңындағы хиуалық жасақтармен болған ұрыста Бөйткі батырдың сенімінен шыққан деседі.

Қарақалпақтардың Сыр бойынан кетуі «Аламесектегі» қанды шайқас болып табылады. Бұл туралы «Руский Туркестан» газетінің 1905 жылғы №16 санында былайша жазылыпты.

«После этой победы мужской пол каракалпаков по Сыру, Яндыдарье был перебит киргизами, а женский разобран в жены и рабыни». Так гласит киргизская молва об очищении долины рек Сыра и Яндыдарья каракалпаками».

Жоғарыда кітаптың 371-бетінде 1821 жылдың 2 маусымында Негриге жазылған хатта:

«Сұлтан Маненбайдың хиуалық 1000 жасақпен тіпті Сырдың оң жағалауындағы көптеген рулар адамдарының Қуандария мен Сырдария өзендері арасында көшіп жүрген ауылдарын тонаған. Оған қарсы Арынгазы оны қолдаған рулардың жігіттері Маненбай ауылына қарсы соққы берді. Осы ұрыстардың ішінде Сарыбай Ақпан батырдың болғаны айтылады.

Ақпан Жұмырұлы қол бастаған қолбасшы болғандықтан, ауылын жауға бермеген батыр. Оның билік, кесім-шешімдері болған. Даулаушы жақтар Ақпанның алдына барайық, ақ шешеді, бұра тартпайды деп отыратын болған. Демек, Ақпан Жұмырұлы әрі батыр, әрі би болған. Ол кісі бес айел алған екен. Одан туған Өтеп (Өтей), Бөтей, Қосқұлақ, Қатай, Абыз, Қарашамырза, Меңдібай, тағы басқа ұрпақтары елге белгілі азаматтар!

Бірде хиуалық бектерге жасаушылар Ақпан батыр келіп қалды дегенінде, сонау Жанкенттен қалай жетіп келеді, – деп сасқалақтапты. Сонда жасауыл бұл анадағы зекетшілерді сабап жіберіп, зекет бермегендер, іздеп отырғаным өзі келді ғой, алдыма әкел, – депті. Қаруызданған Ақпан батыр көзін бектен алмай. «Иә, мен Ақпанмын, ақпанның даулындай мінезін көрсетпей-ақ қояйын, менің артымда ерін іздейтін елім, ерім бар, сендей сарттан қалайынша қорқамын», – деп қаскія қарсы тұнды. Ақпанның сусты жүзінен, айбатынан сескенген, айтқан сөзін түсінген бек жігіттеріне бас иезп, Ақпанды босаттырып жіберген деседі.

Қазақ тарихы шежіре мен ауызша айтылған әңгімелерден тұратынын ескерсек, Ақпан Жұмырұлы өз кезінде елге билік айтқан тұлғалардың бірі болған. Ақпан бабамыздың бүгінгі ұрпақтарын санамақ, кейбірі 7 ата, екіншісі 9 атаға келіпті. Сонда Ақпан Жұмырұлы мен бүгінгі ұрпақтарының арасы шамамен 270-300 жылды құрап отыр.

**Тынышбек ДАЙРАБАЙ,
зерттеуші, этнограф.**

ЕЛ МҮДДЕСІНЕ ҚЫЗМЕТ

Елімізде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында көптеген шаралар жүзеге асырылып жатыр. Солардың бірі ата-бабаларымыздың елдік мұраты үшін атқарған игі істері дер едім. Шиедлік Бекхожа Сүйіндіков осындай азаматтар қатарында кешегі коммунистік партияның солақай саясаты кезінде де ел мүддесі үшін көп іс тындырды.

Бекхожа ағамыз еңбек жолын Бәйгекум МТС-нан бастап, кейін «Қазақстанның 30 жылдық» колхозына бас агроном болып бекітілді.

Осы жылдары Ташкенттегі ауылшаруашылық институтын сырттай оқып бітірді. Аупартком 1959 жылы «Сырдария» қарақол совхозына бас агрономдық қызметке бекітті. Ал

1962 жылы Жеміс-жидек совхозына директор болып тағайындалды.

Коммунистік партияның билік тұсында қазақтың дәстүрлі өмір салтына қатысты көптеген шараларға тыйым салынған болатын. Б.Сүйіндіков «Оқшы ата» мазарын жөндеуге қатысканы үшін қызметінен босатылып, кейін қалпына келтірілді.

1975 жылы ауданда тұқымдық күріш өсіретін «Авангард» совхозына агроном-селекционер болып ауысып, осы совхоздан зейнеткерлікке шықты. Шаруашылыққа белсене араласты.

Бекхожа Сүйіндіков саналы өмірінде аудан шаруашылықтарында егін өнімділігін арттыру, тұқым сапасын жақсарту мәселелерін жоғары қойды. «Жеміс-жидек» совхозында директорлық қызмет атқарғанда жеміс ағаштарының көшетін Қызылорда облысына бейімдеп, оның жас өскінімен бүкіл облыс шаруашылықтарының тапсырысын орындап беріп отырды.

«Авангард» совхозында күріш селекциясымен айналысып, қазақтың күріш ғылыми-зерттеу институтының «Қарауылтөбе»

тәжірибе станциясынан «Элита» атты күріш тұқымын алып келіп, Шиеді ауданы шаруашылықтарына І, II репродукция бойынша беріп отырды. Соның арқасында аудан шаруашылықтарында күріштің өнімділігі гектарына 50 центнерге дейін жетті.

«Сырдария» қарақол совхозында бас агроном болып жүргенде шөлейтті аймақтағы шаруашылықта жоншықалық көлемін ұлғайтып қана қоймай, одан жоғары өнім алып, Бүкілодақтық Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің марапаттауын иеленді. Осы қызметтер тұсында Бекен аудандық газеттің жанаңшырларының бірі болды. Көп жылдар газеттің ойлы да белсенді авторларының бірі бола жүріп үнемі озат тәжірибе, ғылыми жетістіктерін үзбей насин-

хаттап отырды, пікірлерін айтты.

Бұбайрай Жақиятың естелік кітабында Бекхожа Сүйіндіковтің аудан көлеміндегі сіндірген еңбегі айрықша аталып өтілген болатын.

Ол екі ұл, алты қыз, 17 немере тәрбиелеп өсірді. Ұл-қыздарының бәрі дерлік жоғары білімді.

Бекхожа Сүйіндіков тың игерудің 20 және 30 жылдық, Отан соғысының Жеңістің 50 жылдық мерекелік медальдарымен, Қазақстан Жоғарғы Кенесінің Құрмет грамотасымен марапатталған. Өз өмірін мақсатшылдыққа құрып, абыройлы еңбек еткен, өнегелі ұрпақ тәрбиелеген азаматтың өмір жолы осындай.

Ж.ӘЛМАХАН.



Алем және экономика

СЕВЕРНЫЙ ПОТОК-2» ТАҒДЫРЫ НЕ БОЛАДЫ?

Әлем экономикасындағы алып державалар арасындағы текетірес біршама күрделі сипат ала бастады. 2018 жылдың соңында Еуроодақ әкімшілігі өз құрамындағы елдерін Ресейдің Балтық теңізінен Германия жағалауына дейін салынып жатқан «Северный поток-2» газ құбырының құрылысын тоқтатуға бірлесіп қарсы шешім қабылдау қажеттігін мәлімдеген болатын.

Бірақ бұл шешімге Германия мен Австрия қолдау пікірін білдіре қойған жоқ. Олар, ең алдымен, аталған жобаның Еуропа үшін тиімді екенін айтпаса да саясат ойынына айналған текетірге қолдамайтын сынайын танытты.

Сарапшылар мұны Еуроодақ қысым жасау арқылы ескі құрылғақ АҚШ-тың сығымдалған газын экспорттау қарқынын үдету мақсатында жасалып отырған қадам деп есептейді. Себебі Еуропа елдерінің 40%-тен астамы Ресей газына тәуелді. Сонымен бірге АҚШ-тан Еуропаға келетін сығымдалған газдың бағасы Ресейдікінен 70-80 процентке қымбатқа түседі.

Жоба төңірегінде текетірес немен аяқталатынын әзірге белгісіз. Бірақ сарапшылар саясаттан гөрі жобаның экономикалық тиімділігі үстемдік жасайтынын айтады.

ТАРИФ ЕУРОПАЛЫҚТАРДЫ ДА АЛАҢДАТА БАСТАДЫ

Жаңа жыл қарсаңында «Euronews» телеарнасы Еуропаның бірқатар елдерінің тұрғындарымен сұхбат жүргізіп, олар өз кезегінде табыстың бұрынғы қарағанда едәуір азайғанын мәлімдеген болатын. Сарапшылардың пайымдауынша, бұл 2008-2009 жылдардан бері тұңғыш рет байқалып отырған құбылыс.

Экономиканы болжаушы мамандардың пікірінше, бұл үдерістің ұзаққа созылатын сынайы бар. Мысалы, бұрынғы кенес ықпалында болған Германия тұрғыны қазіргі ФРГ-де қалыпты отбасын қамтамасыз ету үшін міндетті түрде екі адамның табыс табуы қажеттігін айтады. Бұрынғы Шығыс Германияда отбасында бір адам табыс тапса, орташа күнкөріс деңгейі үшін жеткілікті болатын дейді, сұхбат беруші.

Еуропадағы №1 экономика саналатын Германия тұрғындары қазір 1200 еуроға жұмыс тапса, қанағаттанатын көрінеді. Ал Польша, Португалия, Чехия, Балқан елдерінде орташа 500-800 еуро табындардың коммуналдық тұрмыс тарифтеріне, байланыс қызметіне, транспорт шығындарына, тұрғын үйді жалға алу қызметіне кететін шығындары табыстарының 50-60 процентін құрайды екен.

2019 ЖЫЛ: МҰНАЙ БАҒАСЫ ҚАЛЫПТЫ ДЕНГЕЙДЕ БОЛАДЫ

2018 жылдың соңғы айларында әлемдік рынокта мұнай бағасы төмендеді бастады. Осыған орай ОПЕК (мұнай экспорттаушы елдер ұйымы) пен оған ембейтін елдер өзара бірнеше кездесулер өткізген болатын. Жыл соңындағы кездесулер бойынша әртүрлі пікірлер айтылды.

Сауд Аравиясының энергетика министрі Халид аль-Фалих қазіргі таңда сураныс пен ұсыныстың теңгерімін сақтау үшін тоғызгай мұнай өндіруді 1 млн баррельге қысқарту тиімді болады деп санайды. Ресей Федерациясының энергетика министрі Александр Новактың пайымдауынша, әлемдік мұнай рыногында бағаның тым көтерілді болғаны өндіріс де, тұтынушыға да тиімсіз. Сондықтан мұнай бағасы барреліне 60-70 доллар болса, әлем экономикасы дамулы қалыпты жүйесіне түседі.

Әлем рыногында 2019 жылы осындай баға паритеті сақталды деген болжам бар. Бұл мұнай өндірісі елдердің көпшілігіне қолайлы баға болып саналады.

Ж.Ә.ИМАХАН.

ТУРА БИДЕ ТУҒАН ЖОҚ



Біз бала күнімізден ата-әжелерімізден «Нағыз ер – ел үшін туады» деген сөзді естіп өстік. Бұл сөздің мағынасын өсе келе ұқтық. Қазақ бұл сөзге ер азаматтың атқаратын қызметі арқаны елге, туған жерге арналуы қажет екенін сыйдырса керек. Ал, халқымыздың «біреуге пайданы тигізсе алмасан, зиянында да тигізбей» деген мына бір тағлымды сөзі тіптен ерекше. Бұлдан бәрі негізіміз? Әуелі, өзгерісті өзімізден бастауымыз керек. Қай тарапта, қай талапта жүрсе те өзімізге де, өзгеге де зиянымызды тигізбей, ардан аттаймы, сенім мен жауапкершілік жүгін келесі буынға адал аманаттауды басты қағида етуіміз қажет.

Қазақ үшін хәкім Абайдың қара сөздерінен асқан даналық жоқ екені анық. Ұлы Абайдың он төртінші қара сөзінде терен ой мен пайымды пікір ұшпаған. Он төртінші қара сөзде: «Қазақ та адам баласы ғой, көбі ақылсыздығынан аз-баласы, ақылдың сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат, байлаулылықтан жоктығынан азды. Жаманшылыққа бір

Халқымызда «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген тағлымды мол қанатты сөз бар. Сүбелі сөз астарына үйілсек, бұл ұлағаттың әділдікті ту етіп, шынықтығын шырайын шығарған билерден қалғанын ұғынамыз. Яғни, әрбір адам немесе басшы мен мемлекеттік қызметші бүкіл болмыс-бітімімен адал, әділ, турашыл, таза болып, өзіне жүктелген міндетті мінсіз атқармайынша қоғам түзелмейді, елдің дамуы алға жылжымайды. Сол себепті, мемлекеттік қызмет – мерейлі міндет қана емес, зор жауапкершілік нем ел үшін туып, ел үшін қызмет етумен тең.

елігіп кеткен соң, бойын жынып алып кетерлік қайрат қазақта кем болады» делінген. Яғни, жаманшылыққа бір бой алдырсақ, одан құтылу үшін жолын табу оңай емес. Тіпті, қиынның қиыны. «Дәніккеннен құныққан жаман» деп айтылатыны да сондықтан. Міне, бүгінгі таңда сіз бен біз үшін маңызды мәселеге айналған жемқорлық та осындай түрлі келеңсіздіктерден құралады, соны өкінішпен аяқталады. Оған қарапайым өмірде нақты дәлелдер көп.

Жалпы, тарихы тереңнен бастау алған сыбайлас жемқорлық бүгінде бүкіл әлем қоғамдастығына қауіп төндіріп отыр. Біздің республикамызда да бұл мәселеге қарсы күрес шаралары мемлекеттің бірінші кезектегі міндетіне айналды. Өрине, сыбайлас жемқорлық – сылып тастайтын сыртқы жара емес, бұл тамырын тереңге жайған, тыныс-тіршіліктің барлық саласы мен жүйесін тартылатын, сөйтіп олардың толыққанды қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті кесел. Оны есдемес бұрын аурудың пайда болу, даму, таралу жолдарын зерттеп, дерттің қозуына қолайлы жағдай тууына жол бермеу керек.

Негізінен, егемен елімізде мемлекеттік қызметшінің имиджін көтеру, сала жұмысын оңтайландыру, жетілдіру бағытында көптеген жұмыстар жүргізіліп жатқаны белгілі. Оның ішінде сыбайлас

жемқорлық көріністерінің алдын алу мен болдырмау бағытындағы іс-шаралардың мәні зор, маңызы айрықша. Түптеп келгенде, жемқорлықпен күресу бір ғана мемлекеттік орган атқаратын жұмыс емес, тұтас мемлекеттің саяси басым бағытына айналды. Бұл қоғамның нәтижелі іске бағыт алғанын, тиімділігі мол өзгерістер көшіне ілескенін білдіреді.

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстандықтың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында мемлекеттік қызмет саласын жетілдіруге ерекше тоқталды. «Жаңа формацияның мемлекеттік қызметшілері мемлекет пен қоғам арасындағы алшақтықты қысқартуға тиіс. Бұл арқылы тұрақты кері байланыс орнығып, мемлекеттік саясаттың нақты шаралары мен нәтижелері қызу талқыланып, жұртшылыққа түсіндіріледі. Барлық пилоттық жобалар жақсы нәтижелер көрсетіп отыр», – деген Елбасы ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігіне бірқатар нақты тапсырма берді. Соның ішінде мемлекеттік қызметші мұрабесінен арттыру бағытындағы кешенді іс-шаралардың қоғам үшін тиімділігі зор. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлықпен күрестің ауқымы кеңейе түседі және бұл өз кезегінде мемлекеттік қызметшінің өз ісіне адал болуына тікелей әсер етпек.

Барлық жұмыстардың, әсіресе мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің ашықтыққа, қолжетімділікке негізделуі керектігін айтқан Елбасы жемқорлықты түп-тамырымен жоюға басымдық берді. Осыған орай, бүгінде Жолдау аясында ел Үкіметі мен әкімдіктер нақты жұмыстарды бастап кетті. Тіпті, жемқорлық факторлары көп кездесетін кәсіпкерлік саласындағы азаматтардың өз кәсібімен емін-еркін айналысуына, құқықтарының қорғалуына, қажетті кеңестер мен жеңілдіктерді пайдалануына ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі де аталысауда. Өйткені, агенттіктің басты мақсаты – халыққа сапалы қызмет көрсету болып табылады.

Бұл бір жағынан қоғамдағы жең ұшпанын жалғасқан жемқорлықтың жолын кесіп, адал, әділ, таза қоғам қалыптастырудың алғышарттарын құрайды. Кәсіпкерлердің құқықтарының қорғалуы – жаңа жұмыс орындарының ашылуына негіз болып, ел дамуына тын серпін бермек. Ал, ол үшін бұл салада жемқорлық, сыбайластық, бармақ басты, көз қысты іс-әрекеттер болмауы керек.

Расында да, бір саладағы жемқорлықты жою арқылы бұл көптеген жетістіктерге жетеміз. Сол себепті, әрбір азаматты сыбайластыққа жан-төнімен қарсы болуы керек. Оның белгілерін білген, көрген жағдайда құзыры орғандарға хабарлаудың да маңызы ерекше. Қорытындылай келе, қауіпті кеселмен күресу – әрбір азаматтың парызы болуы қажет.

Мұрат ЫСҚАҚОВ,
Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі облыс бойынша департаментінің бас маманы.

ІЗДЕУ ШАРАЛАРЫ ЖАЛҒАСУДА

Үш апта бұрын Сырдария ауданындағы Қараөзек арнасында екі адам суға кетіп, іздеу-құтқару жұмыстары басталды. Содан бері бір дерегі шықпаған адамдарды іздеу шаралары әлі жалғасуда. Оқиға туралы, сондай-ақ, су айдындарындағы қауіпсіздік шарттары жөнінде өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында кеңінен айтылды.

Айлана ЖҰМАДИНОВА.

– Өткен жылдың 17 желтоқсанында 45 жастағы Ә.Қайдаров пен 54 жастағы Ж.Әлібаевтың автокөлік басқаруына ие бола алмай Қараөзек арнасына түсіп, батып кеткені туралы хабарланды. Оқиға барысымен тыныс болғаннан кейін жасактан бірнеше құтқарушылар арнайы құрал-жабдықтарымен Сырдария ауданына жетті. Мұнан бөлек, Сырдария ауданы ТЖБ, аудандық ІІБ қызметкерлері және тұрғындардың қатысуымен Қараөзек арнасында іздеу жұмыстары жүргізілген. Желді жұмыс барысында құтқарушылар су астында жатқан автокөлікті тапты, алайда ішінде адамдар болмай шықты.

Су астында сүнгүрлік, су бетінде оқиға болған тұстан төмен қарай арнайын табанын сузу әдісі арқылы қайықпен, кинолоп мамандар арнайы иітермен іздеу жұмыстарын жүргізген. Қазір мұз астында су ағысының күшеюі іздеуісі ісін қиындатып отыр. Ауа райының суықтығынан сүнгүрлік аппаратының демалу автоматтары да жін катып қалады. Алайда іздеу жұмыстары жалғасуда, – деді Оңтүстік өңірлік аэроұтқыр желді құтқару жасағы мемлекеттік мекемесінің басшысы Бақыт Ембергенов.

Өткен жылдың желтоқсан айынан бері ҚР ІІМ ТЖК «ОӘЖҚЖ» ММ-нің құтқарушылары 7 мәрте іздеу-құтқару жүргізген. Айталық, 2 желтоқсан күні Қызылорда қаласының тұрғындары Телікөл көліне баяғы аулауға шығып, даллада аласып кеткен. Жасақ құтқарушылары «Злиха» метеостанциясынан Түркістан облысы Созақ ауданы бағытына қарай іздеу жұмыстарын жүргізіп, адысып кеткен адамдарды тапқан. Ал 31 желтоқсан күні Кіші Арал теңізде 3 адам автокөлікпен мұз астына түсіп кетіп, екеуі ғана жүзіп шыға алған. Құтқарушылар кесек күні батып кеткен адамның денесін судан алып шықты.

Осындай жайысы оқиғалар жыл сайын қайталанатыны белгілі. «Сақтансаң – сақтаймын» демекші, тәуекел етер алдында мынадай қауіпсіздік талаптарын ескеру қажет. Мұздың қалыңдығы 10-15 см болса ғана адамдарға қауіпсіз, егер 20-30 см болса, жеңіл автокөлікпен шығуға болады. Әлбетте, жолаушыларға қай кезде де мұз қалыңдығын есептеу мүмкін бола бермейді, сондықтан оның түсіне қарап-ақ қаттылығын анықтауға болады. Егер түсі көгілдір болса, берік екендігін білдіреді. Түсі ақ болса, мұз беріктігі екі есе төмен болғаны, ал сарғыш түс араласса, су айдынына аяқ басу қауіпі. Әсіресе, өзен ағысы бар жерлерде, қамыс, талдардың айналасында мұздың қаттылығы алдамшы болады екен.

СЫР ӨҢІРІНІҢ ТӘРТІП САҚШЫЛАРЫ ЕСКЕРТЕДІ

Қызылорда облысы Полиция департаменті Жергілікті полиция қызметі басқармасының жол-патрульлік полиция және құрамының күнделікті қызметінде жол қозғалыс ережесін қалағалау барысында сот қаулысымен көлік құралын басқару құқығынан шектелген жүргізушілердің көлік тізгініне қайта отыру деректері орын алууда.

ҚР Өкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 608-бабымен (жүргізушінің көлік құралын алкогольдік, есірткілік және ұйықтарлық масан күйде басқаруы, сол сияқты көлік құралын алкогольдік, есірткілік және ұйықтарлық масан күйдегі адамның басқаруына беру) өткен жылдың 11 айында барлығы 1104 әкімшілік шара көрсетіле, оның 125-і әкімшілік қамқару алынып, 979-ы жүргізуші куәлігін шеттетілді.

Осы көрсетілген ҚР ӨКБТК-нің 608-бабымен құқық бұзған жағдайда көлік құралын басқару құқығынан үш жыл мерзімге айыруға әкеп соғалды.

Осы баптың төртінші бөлігінде көзделген әкімшілік жаза мерзімі өткеннен кейін бір жыл ішінде қайталан жасалған, осы баптың төртінші бөлігінде көзделген әрекеттер отыз тәулікке әкімшілік қамқару алуға және он жыл мерзімге көлік құралдарын басқару құқығынан айыруға әкеп соғалды.

Осы баптың бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде көзделгендей, көлік құралдарын басқару құқығы жоғалтқан жасаған әрекеттері үшін жиырма тәулікке әкімшілік қамқару алынады.

Екінші рет қайталан жасаған жағдайда – төрт жыл көлік тізгіней алмайды.

Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, жәбірленушінің денсаулығына қылмыстық жауаптылығына іс-әрекет белгілері жоқ зиян келтіруге немесе көлік құралдарын, жүктерді, жол құрылыстары мен өзге де құрылыстарын не өзге мүлдіті бұздыруға әкеп соққан әрекеттер көлік құралын басқару құқығынан бес жыл мерзімге айыруға әкеп соғалды.

Осы баптың бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде көзделген, әкімшілік жаза мерзімі өткеннен кейін бір жыл ішінде қайталан жасалған әрекеттер он бес тәулікке әкімшілік қамқару алуға және аяғы жыл мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айыруға негіз болады.

Осы баптың алтыншы бөлігінде көзделген әкімшілік жаза мерзімі өткеннен кейін бір жыл ішінде қайталан жасалған, осы баптың алтыншы бөлігінде көзделген әрекеттері үшін отыз тәулікке әкімшілік қамқару алынады.

Осы баптың алтыншы және жетінші бөліктерінде көзделгендей осы Кодекстің 50-бабының екінші бөлігіне сәйкес әкімшілік қамқару алу қолданылмайтын адамдарға жасаған әрекеттері үшін екі жыл әкімшілік есептік көрсеткіш мөлшерінде айыпшұл салынады.

Мысалы, ағымдағы жылдың 10 сәуірінде 32 жастағы қала тұрғыны автокөлікті масан күйде басқаруы үшін ҚР ӨКБТК-нің 608-бабына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Соған қарамастан, 6 айдан соң ол ішкілік ішін, көлік тізгініне қайта отырды. Нәтижесінде, 15 тәулікке әкімшілік қамқару алынып, 6 жыл мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айырылды.

Осы орайда, тәртіп сақшылары темір тулап тізіндеген азаматтарға жол жүру ережелерін қатаң сақтап, мүлтіксіз орындаудың маңыздылығы ескертеді.

Облыстық полиция департаментінің баспасөз қызметі.

ЖЕРДІҢ ПАЙДАЛАНЫЛУЫ МЕН ҚОРҒАЛУЫ

Қызылорда облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы Қазақстан Республикасының Жер заңнамасын бұзушылықтардың іс жүзінде жойылуын, мемлекеттік органдардың, кәсіпорындардың, жеке және заңды тұлғалардың ҚР жер заңдарын, жер учаскелерін нысаналы мақсатына сәйкес пайдаланудың белгіленген режимін сақтауына, жер учаскелерін өз бетініне иеленіп алуға жол бермеуге мемлекеттік бақылауды ұмыдастырады және жүргізеді.

Осы бағатта, Қызылорда облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы 2018 жылы облыс көлемінде жүргізілген бақылау шараларымен жалпы көлемі 43537 гектар жер учаскесі қамтылып, нәтижесінде көлемі 8396 гектар жер учаскесінде 172 жан бұзушылық дерегі анықталды. Аталған құқық бұзушылықтарға Қазақстан Республикасы «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінде көзделген баптармен 106 дерек бойынша 40 240 913 теңге айыпшұл, 38 дерек бойынша ескерту түрінде әкімшілік жазалар қолданылса, 28 дерек бойынша заң бұзушылықты жою туралы нұсқама берілген.

Бұдан бөлек, өткен 2018 жылы жер учаскелерін мақсаты бойынша пайдаланылмаған (игермеген), не Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып пайдаланылған 233 тұлғаның жер салығының мөлшерін жоғарылату мақсатында, берілген нұсқамалар жөніндегі мәліметтер Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментіне ұсынылып, нәтижесінде кірістер департаментімен 19 919 500 теңге қосымша салық есептелді.

Сондай-ақ, ҚР Жер кодексінің 92-94 баптарына сәйкес, жер учаскесін мақсаты бойынша пайдаланылмаған (игермеген) жер пайдаланушылар мен меншік иелерінен мажбүрлеп алып қою жөнінде сот органдарына талап-арыздар беріліп, көлемі 6667,4186 гектар жер учаскесі мемлекет меншігіне қайтарылды.

Осы орайда, жер учаскесін жерге құқық белгілейтін құжаттар берілгеннен кейін және нысаналы мақсатына сәйкес пайдалануына аса мән беру қажеттігі жөнінде облыс жұртшылығының назарына жеткізіміз келеді.

Р.БАЙМАХАНОВ,
облыстық жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасының мониторинг сараптама және есеп бөлімінің басшысы.

Хабарламалар

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қантардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (18-42) «Батыс Түзкөл кенішіндегі мұнай жинау жүйесі. №№ 40, 68, 69, 70, 74, 76, 127, 302, 314, 326, 359, 383 ұңғымалардан аралық құбырлар тарту. СП-13 спутнигі мен М-01 манифольдын салу. СП-13 спутнигінен және М-01 манифольдынан СП-6 спутнигінен ТК-1 топтық қондырғысына дейін тартылған 10³ коллекторға дейін 8[»] мұнай коллекторын тарту» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

Анықтама алу телефоны: (7242) 29-91-92.

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қантардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (18-44) «Құмкөл кенішінің онтүстік-шығыс бөлігіндегі газ-турбиналы электр стансасынан Қызылқия кенішіндегі 110/35 кВ ҚС-ға дейін 110 кВ ӘЖ тарту және Қызылқия кенішіне 110/35 кВ ҚС орнату» жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

Анықтама алу телефоны: (7242) 29-91-92.

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ 2007 жылғы 9 қантардағы №212-III Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 57-бабының талаптарына сәйкес (18-43) «Қызылқия ГТЖК-дан Құмкөл ГТЖК дейін 10³ газқұбыры жұмыс жобасы жөніндегі құжаттаманың мемлекеттік экологиялық сараптамаға жолданғандығы жайлы хабарлайды.

Барлық мүдделі азаматтар мен қоғамдық бірлестіктерге мемлекеттік сараптамадан өткізу кезінде өздерінің ой-пікірлерін білдіру мүмкіндігі беріледі.

Анықтама алу телефоны: (7242) 29-91-92.

Қызылорда облысының жер қатынастары басқармасында жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестесі

Басшының аты-жөні, тегі және лауазымы	Қабылдау күндері	Қабылдау уақыты	Байланыс телефоны
Койшыбаев Шахраман Сұлтанбекұлы (басқарма басшысы)	Бейсенбі	16.00-18.00	тел: 60-53-32
Нурманов Қанат Жұмағамбетұлы (басқарма басшысының орынбасары)	Жұма	17.00-19.00	тел: 60-53-32

Қызылорда облысының жер қатынастары басқармасының «Семіп телефоны» 60-53-35.

Хабарландыру

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Қалтақызы Ақтолық 2018 жылдың 18 шілдесінде қайтыс болған, Қызылорда қаласы, Әшірбеков көшесі №85 үйде тұрған азамат Сарсенбаев Руслан Умирбековичтің атынан мұралық істің анықталуын хабарлайды.

Мұрагерлер болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Торайғыр көшесі №80-А/12, тел.: 8(7242) 25 55 23.

«Сыр медиа» ЖШС ұжымы белгілі журналист-жазушы Айтбай Сәудбекке жүйбей.

Аймағұл Қадырбайқызының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Сыр медиа» ЖШС ұжымы және Қазақстан Журналистер одағының филиалы байырғы журналист, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Сақтанбергел Әлжіктін зайыбы

Күнсулданың қайтыс болуына байланысты туған-туыстары мен белгілі қаламгер, әріптесіміз Орынбасар Әлжікке көңіл айтады.

«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» акционерлік қоғамының әкімшілігі мен кәсіподақ комитеті бұрғылау департаменті бұрғылау бөлімінің бастығы Серікбек Жылқаманова аясының дүниеден озуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл қосып білдіреді.

Бақұл бол, ардақты аға

Сыр өңірінің бейнелеу өнері ауыр қазаға ұшырады. Үстеміздегі жылдың 8 қаңтар күні 75 жасқа қараған шағында Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, мәдениет саласын үздігі, жергілікті қалқалым шебері, мүсінші Үмбетов Мұратбай Ембергеновты дүниеден өтті.

Үмбетов Мұратбай Ембергеновты 1944 жылы 8 наурызда Қызылорда облысы, Шилі ауданы, Сұлутөбе ауылында шаруа отбасында дүниеге келген. 1973 жылы – Алматы қаласындағы Н.В.Гоголь атындағы көркемсурет училищесін, 1985 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының «Көркемсурет және графика» факультетін бітірген. Осы салада 1973 жылдан үзбей еңбек еткен. Үздіксіз еңбек етудің арқасында графика, мүсін, кескініме, колонерді де меңгерген. 2000 жылы «Ұлттық колонерді дамытушы облыстық орталығы» қоғамдық бірлестігінің торағасы міндетін атқарған. Сур

